

#КүшімізБірлікте

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алыс болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

BIRGE – TAZA QAZAQSTAN



ТЕГІН КӨШЕТ АЛЫҢЫЗ!

7

ТҮЛҒАТАНУ



«ДАЙДИДАЙ-АУ» КІМНІҢ ӘНІ

9

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 9 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 091 196

II компонентпен

1 062 814

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 9 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – 9 410 880 адам,

II компонентпен 9 042 521 адам

вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

10.03.2022

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

11.03.2022

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №26 (6161) 10 наурыз, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

Мемлекет басшысы әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлыққа қол қойды



Құжатты Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық экономика министрлігі әзірлегені белгілі болды. Жаңа Жарлықта барлық деңгейдегі әкімдердің ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірліктерге шығуының ең аз санын белгілей отырып, халықпен тұрақты кездесулердің икемді күнтізбесіне көшуі көрініс тапты.

3

«КӨКТЕМ – 2022»

ТАЗА АРНА – ТАЗА ҚАЛА

Алматыда өзен арналары тазартылды



Алматыда «Көктем-2022» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті. Қалалық Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, аталған іс-шара барысында өзен арналары мен арық жүйелері қатты тұрмыстық қалдықтардан, сонымен қатар, сынған, құраған жабайы бұтақтардан тазартылды.

ҚЫСҚА...

- Президент Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының әкімдеріне биік үйлерді тығыз салуды тоқтатуға тапсырма берді.
- Алматыда ұрланған қарудың ірі партиясы табылды.
- Ақын Аманжол Әлтай Мәжіліс депутаты болды.
- Шаһарда мұқтаж отбасылардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған 9 «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді.
- Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында вандализм фактілері тіркелді.

www.almaty-akshamy.kz



2

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ТҰРҒЫН ҮЙ

ТЫҒЫЗ САЛУ ТОҚТАТЫЛАДЫ



Ел Президенті Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларының әкімдеріне тапсырма берді.



Досбол
АТАЖАН

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің ең ірі шаһарларының әкімдеріне биік үйлерді орынсыз тығыз салуды тоқтатуға тапсырма бергенін ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли хабарлады.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан мен Алматының әкімдеріне қала тұрғындарының өтінішіне құлақ асып, тұрғын үй кешендерінің жанынан биік үйлерді тығыз салуды тоқтатуға тапсырма берді. Мемлекет басшысы әлеуметтік инфрақұрылым, саябақтар мен балаларға арналған спорт алаңдарын салуға баса мән беру қажет деп санайды», – деп жазды Президенттің баспасөз хатшысы Facebook-тегі парақшасында.

МӘНШҮК МӘМЕТОВА – 100

АЛМАТЫНЫ ЖАСЫЛ ҚАЛАҒА
АЙНАЛДЫРАМЫЗ

Алматы қаласы бойынша Экология департаменті шаһарымызда Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорымен, қалалық Полиция департаментімен және Әуезов ауданы әкімдігімен бірлесіп Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл толуына орай ағаш отырғызу акциясын өткізді.



Суреттері: Түркістан Самат СЕРКЕБІҒҰЛЫ.

Акция аясында департамент өкілдері мен еріктілер, жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлері мен белсенділері, әкімдік қызметкерлері 40 қайың көшеттерін отырғызды. Аудан аумағынан ағаш отырғызатын қолайлы аумақ үлкен жауапкершілікпен таңдалды.

«Алматының экологиясын жақсартуға бір қадам – бұл ағаштар қаламыздың ауасын кішкене болсын тазартуға көмектеседі деген үмітпен акция ұйымдастырдық. Болашақта мұндай үрдіс өзінің жалғасын табады деген ойдымын. Сондай-ақ, жастарға белсенді қатысып, қала экологиясына бей-жай

қарамағаны үшін алғысымды білдіремін», – деп хабарлады Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің мемлекеттік экологиялық инспекторы Нұржан Жамалдыұлы Бөлекбаев.

Акцияның мақсаты – Қазақстан жастарын патриоттық рухта тәрбиелеу, Кеңес Одағының батырларын құрметтеуге баулу, жастардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін онымен тікелей қарым-қатынас арқылы өрбіту, экологиялық сауаттылықты дамыту.

«Мұнда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, аталарымыз бен әжелеріміз тұрады. Осы адамдардың

атынан акцияға қатысушылар мен жастарға жасаған игі істеріңіз үшін алғыс айтқым келеді. Баршаңызға сәттілік тілеймін», – деді белсенді жастарды байқаған Әуезов ауданының тұрғыны.

«Бүгінгі бастамамызға нұр жаусын. Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл толуына арналған іс-шарамыз болашақта үлкен көлемде өтсін. Алматымызды одан әрі дамытып, оны жасыл қалаға айналдырайық. Қатысқандардың барлығына үлкен рахмет!», – деді Алматы аудандық Жастар ресурстық орталығының үйлестірушісі Маханбет Бауыржан.

«КӨКТЕМ – 2022»

ТАЗА АРНА – ТАЗА ҚАЛА

Алматыда өзен арналары тазартылды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Негізгі жаттығу жұмыстары Ала-тау ауданында «Қарғалы» өзенінің жағасында жүргізілді. Қыс бойы жиналған тұрмыстық қалдықтарды тазалап, өзен арнасының түбі тереңдетілді. Мамандардың айтуынша, жүргізілген жұмыстар су өткізу қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Яғни бұл жалпы халық саны 130 адамнан асатын 57 жеке тұрғын үйді су басу қаупінен қорғайды.

Бұдан бөлек, оқу-жаттығу қаланың қалған 7 ауданында да өткізілді. Іс-шара шеңберінде өзен арналары мен арық жүйелері қатты тұрмыстық қалдықтардан, бұтақтар мен жабайы тоғандардан тазартылды.

«Барлығы 42 шақырым өзен арналары тазартылып, 520 текше метрден астам қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылды», – деп толықтырды ведомство өкілі.

Су басудың алдын алу және салдарын жою бойынша жүйелі монито-



рингті ұйымдастыру және шаралар әзірлеу мақсатында 2021 жылы Алматы қаласында 19 су тасқыны қаупі бар учаскелер есепке алынды.

«Арық желілерін салу және қайта құру арқылы қабылданған шаралармен 8 учаскеде су басу қаупі толығымен жойылды, қалған 11 учаскеден 7 учаскедегі қауіпті жою жүзеге асы-

рылып жатқан 376 шақырым арық желісін салу және қайта құру жобасында қарастырылған», – деп мәлімдеді ТЖД.

Алматы ТЖД, Азаматтық қорғау қызметтері, ТЖМ аумақтық бөлімшелері және ҚР Ұлттық ұланы көктемгі кезеңде төтенше жағдайларды жоюға дайын.

«ALMATY BUSINESS – 2025»

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ
КӨМЕК КӨП

16,7 млрд. теңгенің 228 жобасы қаржыландырылды

Ағымдағы жылы «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында 1300-ден астам жаңа жұмыс орнын құрып, 330 жұмыс орнын сақтай отырып, 160-тан астам жаңа жобаны мақұлдау және беру жоспарлануда. Сондай-ақ, бюджетке түсетін қосымша түсімдердің салық салынатын базасы жылына кемінде 1,5 млрд. теңгеге ұлғайтылатын болады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сонымен қатар, «Almaty Business – 2025» бағдарламасы аясында 669 жаңа жұмыс орнын құрумен жалпы инвестициялар сомасы 1,5 млрд. теңгеге 8 өндірістік парк іске қосылды. 2022 жылы Индустриалды аймақта жалпы инвестиция сомасы 2,1 млрд. теңге болатын, 380 жұмыс орнын құрумен 5 өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарланған; келесі жылдары жалпы сомасы 2,7 млрд. теңге болатын, 710 жұмыс орнын құрумен 4 жобаны іске қосу жоспарланған.

Бөлінген қаржыландырудың шамамен 70%-ы іскерлік белсенділігі төмен және орта аудандарда (Алатау, Әуезов, Жетісу, Наурызбай, Түркісіб аудандары) бизнесті қолдауға бағытталды. Қосымша, «Алматы» ӘКК» АҚ құралдары арқылы 1 мың жұмыс орнын құрумен 18 ірі жоба (8 әлеуметтік және 10 коммерциялық) іске асырылды, 95,8 млрд. теңге инвестиция тартылды.

Бизнеске қаржылай емес қолдау көрсету бойынша 2021 жылы «Qolday» кәсіпкерлік орталығында 44,5 мыңнан астам консультациялық қызмет көрсетілді, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар бойынша қаржыландыруға дейін жалпы сомасы 7,9 млрд. теңгеге 225 жоба мақұлданды, 370 жоба рұқсат құжаттарын алды, 941 бизнес-жоспар әзірленді, кәсіпкерлік негіздеріне 10 мыңнан астам тыңдаушы оқытылды.

Айта кеткен жөн, «Almaty Business–2025» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы №419 шешімімен бекітілген. Аталмыш бағдарлама қолға алынғалы бері 16,7 млрд. теңгенің 228 жобасы қаржыландырылды. Оның ішінде 13,6 млрд. теңге сомасына 56 жоба «Almaty Finance» ЖШС-де және 3,1 млрд. теңгеге 172 жоба «Almaty» ЖШС-де қаржы бөлінді. Бизнесті жеңілдікпен несиелендірудің арқасында Алматыда 1074 жаңа жұмыс орны ашылды. Берілген қарыздардың 80%-дан астамы басым бағыттарға – әлеуметтік салаға, өнеркәсіпке және креативті экономикаға тиесілі.

НЕСИЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН БЕРІЛЕДІ

Алматы қаласының мәслихаты «Almaty Business–2025» өңірлік бағдарламасына 2022 жылғы қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктер барысында зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілері үшін жаңа несиелік өнім енгізу бөлігінде өзгерістерді бекітті.

Жеңілдікпен несиелік беру 12 айға дейінгі мерзімге жылдық 2%-бен 10 миллион теңгеге дейін айналым қаражатын толықтыру үшін қарастырылған. Қарыз кепілге немесе «Алматы» ӘКК» АҚ ішінара кепілдігімен беріледі. Қаражат жергілікті бюджеттен бөлінген, бағдарлама операторы «Almaty» МҚҰ» ЖШС болып табылады. Кәсіпкерлерге өтім беру үшін Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303-үй, 201-кабинет, Алматы МҚҰ кеңсесіне хабарласу қажет. Анықтама алу үшін 2810 (ұялы телефоннан тегін), +7 (727) 356-02-80 (қалалық нөмірлерден) байланыс нөмірлеріне қоңырау шалуға болады.

Айта кеткен жөн, бұрындары халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы тұлғаларға және өндірістік парктардың резиденттеріне «Almaty Business–2025» бағдарламасы аясында жылдық 2%-бен жеңілдетілген несиелік қарастырылған болатын. Сондай-ақ, Алматыда шығынға ұшыраған бизнес субъектілері коммуналдық шығындардан 3 айға, қаланың коммуналдық меншігін жалға алушылар 6 айға жалдау ақысынан босатылған. «Almaty Finance» ЖШС және «Almaty» МҚҰ» ЖШС-ге негізгі қарызды өтеу мерзімі кейінге қалдырылды. 180 күнге дейінгі мерзімге несиелік міндеттемелер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар жойылған.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

Мемлекет басшысы әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлыққа қол қойды

(Басы 1-бетте)

Өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы әкімнің баяндамасы кездесу кезінде жоспарланған уақыттың төрттен бір бөлігінен аспайды. Қалған уақыт «сұрақ-жауап» форматында өткізіледі. Бұл шаралар облыс басшылығының елдімекен тұрғындарымен барынша байланыс жасауына ықпал ете отырып, осылайша халықтың билікпен коммуникациясының сапасын арттырады.

Кездесулерді ұйымдастыру кезінде мүдделі тұлғалардың, оның ішінде мәслихат депутаттары, партиялар, қоғамдық ұйымдар мен оппозиция өкілдерінің кең аудиториясы тартылады. Бұл өңір басшылығымен жан-жақты диалог құруға мүмкіндік береді.

Кездесу аяқталғаннан кейін әкімдер азаматтарға жеке қабылдау өткізеді. Проблемалық мәселелер оларды қаржыландыруды мәслихат сессиясында қарау мүмкіндігімен жүйелендіріледі.

Әкімдердің жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен және мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңестердің мүшелері-

мен, жергілікті зиялы қауыммен бірлесіп, азаматтарға жеке қабылдау өткізуі Жарлықтың тағы бір новелласы болып табылады.

Осылайша Қазақстан Республикасының барлық елдімекені тиісті өңірдің басшылық құрамымен кездесумен қамтамасыз етіледі. Бұған қоса, кездесулер халықтың талап етуі бойынша және қажет болған жағдайда, күнтізбеден тыс өткізілуі мүмкін.

Сонымен қатар, барлық деңгейдегі әкімдер халық көтерген проблемалық мәселелерді шешу барысы туралы ақпаратты ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында тоқсан сайын орналастыруы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген шаралар халықтың әкімдермен қарым-қатынасын жақсартуға, азаматтардың жергілікті билік органдарына сенімін, жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ өңірлердегі әлеуметтік шиеленісті төмендетуге мүмкіндік береді.

(Жарлықтың толық мәтінімен Almaty-akshamy.kz сайтынан таныса аласыздар).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЯБАҚ

Күдіктілер құрықталды



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында вандализм фактілері тіркелді.

Осыдан аз ғана уақыт бұрын қаңтардағы жаппай тәртіпбұзушылық кезінде Гоголь мен Пушкин көшелері қиылысындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында 9 шаршы метр гранит тақтайша қиратылып, кіреберістің жазудың 5 әріпі ұрланған еді. Ол аз болғандай, дәл «Мәңгілік алау» маңынан 2 әріп ұрланып, жауынгерлердің аты жазылған 4 шойын ескерткіш те

бұзылған болатын. Батырларға қойылған мәңгілік ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары шұғыл қолға алынып, жөндеу жұмыстары ақпан айында аяқталды.

Алайда, қалпына келтіру жұмыстары аяқтала салысымен, дәлірек айтқанда, 4 наурыз күні бұзақылар Гоголь көшесі жағындағы кіреберістің тағы 2 әріпті және ескерткіштен 8 шойын маңдайшаны қолды қылып кетті. Келесі күні тағы да 2 қола әріптің ұрланғандығы анықталды. Бұзылған гранитпен жоғалған әріптердің жалпы шығыны 5,7 млн. теңгені құрады. Жоғарыда аталған фактілерді Алматы қаласының Полиция департаменті тіркеп, саябақ-

тағы полиция жұмысы күшейтілген еді. Сонымен, саябақтағы қалпына келтіру жұмыстары 22 наурызға дейін жүргізілетін болды. Қазіргі уақытта қалалық әкімшілік барша тұрғындарды тарихи ескерткіштерге қатысты вандализм фактілерінің жиілеп кеткендігіне байланысты құндылықтарымызға мұқият болып, өз тарихымызға құрметпен қарауға шақырады. Сонымен, көп ұзамай құрамында қалалық криминалдық полиция қызметкерлері бар арнайы жедел топ күдіктілерді анықтап, құрықтады. Олардың аты-жөндері мен мінген көліктеріне дейін белгілі болды. Күдікті үш азамат 24–26 жас шамасындағы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты ауылдың тұрғындары болып шықты. Өз кінәларын мойындаған күдіктілер шойын маңдайшалар мен әріптерді металл пункттеріне өткізу үшін ұрлағандарын мойындады. Сонымен қатар, ұрланған заттарды сатып алуға қатысы бар сол ауылдың үш адамы анықталды.

– Ұрланған заттарды Түрксіб ауданындағы Бекмаханов көшесі бойындағы металл қабылдау пунктінде ерітуге дайындап жатқан жерінен ұстадық, – дейді Медеу аудандық полиция басқармасының басшысы, полиция подполковнигі Дәурен Өтебаев. Тиісті басқарма басшысының айтуынша, тәркіленген заттардың жалпы салмағы 44,5 келі. Қазір сатып алушыларға қатысты Қылмыстық кодекстің 196-бабының 1-бөлігі, яғни қылмыстық жолмен алынған мүлікті немдену дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалып жатыр.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

Орталық қандай көмек көрсетеді?



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматыда мұқтаж отбасылардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған 9 «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді. Мамандар қала тұрғындарына қиын жағдайда көмектеседі, оқытып, кеңес береді.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы «Бақытты отбасы» орталығының жетекшісі Зульфия Байсакова мәлімдеді.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға жан-жақты көмек көрсету мақсатында 2019 жылдың тамыз айынан бастап Алматының әр ауданында «бір терезе» қағидаты бойынша «Бақытты отбасы» орталықтары жұмыс істейді.

Зульфия Байсакованың айтуынша, Алматыда 30 339 көпбалалы отбасы тұрады. Көпбалалы аналардың 4855-і «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталды. Сонымен қатар, 1300-ден астам отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады.

«Бақытты отбасы» орталықтарында психологиялық және заңгерлік көмек көрсетіледі, жұмыс табуға көмектеседі, бос уақыт іс-шараларын ұйымдастырады.

«Біздің орталықтарда аналар мен олардың отбасы-



ларына профильдік курстардан өтуге көмектесетін «Isker Ana» бағдарламасы жұмыс істейді. Кәсіпкерлер палатасында әйелдер кәсіпкерлік негіздеріне оқытылады. Осы бағдарламаның арқасында көптеген аналар өз бизнесстерін ашты. Бізде жақсы мысалдар бар, олар – азық-түлік және киім-кешек сауда орындары, Әуезов ауданындағы аспаздық цех, қаланың бес ауданындағы тігін цехтары», – деді З.Байсакова.

Зульфия Байсакова атап өткендей, «Бақытты отбасы» орталықтарында отбасылық құндылықтарды дәріптейді,

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Almaty Business–2025» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлерге

16 млрд. теңгеден астам қаржы берілді.



Карантин талаптарын сақтамаған мегаполис мектептеріне

9,8 млн. теңгеден астам айыппұл салынды.



Биыл Алматы мектептерінде

15 461 орынға дейін орын тапшылығы азаяды деп күтілуде.



«Жасыл қала» мәртебесін сақтау Алатау ауданында тамшылатып суаруды дамытуға

332,3 млн. теңге қарастыруды ұсынып отыр.



«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй сертификатын қаржыландыру

1,5 млн. теңгеге дейін ұлғайтылды.

отбасын құрметтеу және өскелең ұрпақты адамгершілік және рухани сау тәрбиелеу дәстүрлеріне қайта оралады, көпбалалы отбасылардың лайықты өмір сүру жағдайларын жасауға көмектеседі, осылайша қоғамның саналы ата-анасы болу жағына қозғалысын ынталандырады.

Спикер атап өткендей, көпбалалы отбасылар Алатау ауданында тұрады, сондықтан «Бақытты отбасы» орталығынан басқа онда дәстүрлі колөнерді дамыту орталығы ашылды.

Осы орталықтың арқасында 12 мың адам оқыту курстарынан өтті, мыңнан астам әйел өз ісін ашуға және дамытуға (тігін шеберханалары, аспаздық, типография, сұлулық студиялары) өтеусіз гранттар алды.

Осындай курстардың арқасында әйелдерге мансапта, бизнесте және жеке өсуде, табысқа жетуде балалар кедергі жасамайды, керісінше, ата-аналарының өміріне бақыт әкеледі, ерліктер жасауға шабыттандырады.

Зульфия Байсакова «Бақытты отбасы» орталықтарын отбасылардың проблемаларын өздері жақсы білетін, олармен тығыз жұмыс жүргізетін, олардың проблемаларын шешетін және қажетті арнаға жіберетін көпбалалы аналардың өздері басқаратынын атап өтті.

«Бақытты отбасының» есігі әрдайым ашық, мұнда жаңа адамдарға, жаңа қатысушыларға, жаңа ұсыныстар мен идеяларға қуанамыз», – деп атап өтті З.Байсакова.



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ҚАРУ-ЖАРАҚ
ТАБЫЛДЫ

Қалада 5-6 қаңтарда болған тәртіпсіздіктер кезінде қару сататын дүкендерден ұрланған қару-жарақ партиясы табылды. Бұл туралы Көліктегі полиция департаментінің бастығы Оңал Бекиев айтты. Оңал Бекиев атап өткендей, Алматы әуежайындағы тәртіпсіздікке қатысқан Өзбекстанның 23 жастағы азаматы ұрлық жасады деген күдікпен ұсталып, тұрғылықты жерінен 2 пышақ пен 1 пневматикалық тапанша тәркіленді. Сондай-ақ, полицейлер оның 43 жастағы сыбайласын анықтап, ұстады. Тінту барысында пневматикалық қарудың 19 бірлігі мен оларға арналған патрондар, 10 пышақ, 1 арбалет, 6 оптикалық көзілдірік және 3 оптикалық құрылғы тәркіледі.

«Сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде, күдіктілердің басқа да қылмыстарға қатыстылығы тексеріліп жатыр», – деп қорытындылады полиция генерал-майоры. Сонымен қатар, күдіктілердің басқа да сыбайластарын анықтау және ұстау шаралары жүргізілуде.

МОНИТОРИНГ

АЙЫППҰЛ СОМАСЫ
ҚОМАҚТЫ

Карантин талаптарын сақтамаған мегаполис мектептеріне 10 млн. теңгеге жуық айыппұл салынды.



Бұл туралы Алматы қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мәлімдеді. Алматы қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің білім және тәрбие объектілерін бақылау және қадағалау бөлімінде COVID-19 бойынша шектеу іс-шараларын енгізу кезінде мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға мониторинг пен санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізді. Осы мәселе бойынша 166 тексеріс жүргізілді, оның ішінде 87 – арнайы, 57 – жоспардан тыс, 22 – мониторинг топ құрамында тексеріс жүргізілді.

Тексеру барысында келесі заң бұзушылықтар анықталды:

– Алматы қаласының 3 мектебінде сабақтар арасындағы үзілістердің нормаланған ұзақтығы сақталмайды;

– оқу жоспары мектептердегі күндізгі және аптадағы оқушылардың ақыл-ой әрекетінің динамикасын есепке алмай құрастырылған 4 мектепте, бастауыш сыныптарында қосарланған сабақтарға рұқсат етілген 2 мектеп анықталды;

– сыныптардағы жасанды жарықтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі, мектептерде жанып кеткен электр шамдары дер кезінде ауыстырылмайтын 19 мектеп;

– 2 мектепте оқу жиһаздары жартылай тозған және ауыстыруды қажет етеді. Сондай-ақ, мектептерде дезинфекциялау режимін, үй-жайларды желдету кестесін бұзу және профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың басқа да бұзушылықтары анықталды.

«Анықталған заң бұзушылық фактілері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандарымен 9 801 109 теңгеге 66 айыппұл салынып, 66 ұйғарым шығарылды. Мониторинг топтарының жұмыс нәтижелері жергілікті атқарушы органдардың қарауына жіберілді», – деп хабарлады департамент.

МӘЖІЛІС

ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІС
ЕНГІЗБЕК

Сапасыз интернет үшін салынатын айыппұл артады.

Мәжіліс депутаттары «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Аталған құжатты даярлауға

Парламент депутаттары бастамашылық жасады.

Заң жобасының негізгі мақсаты – байланыс саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру.

«Пандемия және халықтың қашықтан жұмыс істеуі режиміне

көшуі кезінде ұсынылатын байланыс қызметтері сапасының маңыздылығы арта түсті. Ол халықтан келіп түсетін шағымдардың көбеюінен байқалып отыр. Сонымен қатар, жүргізілген тексерулер бойынша анықталған заң бұзушылықтар осыған байланысты мәселенің бар екенін дәлелдейді», – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанна Телпекбаева.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 637-бабына сәйкес, ірі кәсіпкерлік субъектісі үшін айыппұл 100 АЕК-ті, 1 жылдың ішінде қайталап жасалған құқық бұзушылық үшін 200 АЕК-ті құрайды. Бұл ретте ірі кәсіпкерлік субъектісі заң бұзушылық фактісін мойындаған кезде, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, 50 пайыз, яғни 50 немесе 100 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге құқылы.

«Көбінесе операторларға қосымша жабдықты орнатумен немесе өз желісін өзге де түрде дамуға қарағанда, айыппұлдың жарты көлемін төлеген ыңғайлырақ. Осы орайда байланысқа қатысты барлық қолайсыздық оператор алдындағы өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын, яғни тарифті толық көлемде төлейтін абоненттерге әсер етеді», – деп қосты депутат.

ҚҰРМЕТ

«РАХМЕТ САҒАН,
АНАШЫМ!»

Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, қалалық Мәдениет басқармасы еліміздің барлық саласында адал қызмет етіп келе жатқан, өнегелі ұрпақ өсірген аналардың құрметіне «Рахмет саған, Анашым!» атты әдеби-сазды кеш өткізді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев алып, еліміздің өркендеуі жолында еңбек етіп, тер төгіп жүрген әйел-аналарымыз бен қыз-келіншектерге деген ізгі тілегін білдірді.

– Біздің аналарымыздың барлығы батыр, барлығы ержүрек. Осындайда «Әйел бір қолымен әлемді тербетсе, бір қолымен бесік тербетеді» деген ақиқат тәмілді тағы да қайталап айтқым келіп тұр. Сонау ерте замандағы ержүрек қыздарымыздың ерлігінен бастап, сұм соғыста да, одан кейінгі қалыптастыру жылдарында да әйел-аналардың қосқан үлесі зор. Жан-дүниесі нәзік болғанымен, тегеуріні темірдей күшті аналарымыз барлық салаға үлесін қосып келеді. Тәуелсіз еліміздің өркендеуінде де әйел-аналарымыздың қолтаңбасы анық байқалады. Осынау көктеммен бірге келген айтулы мерекелеріңіз құтты болсын! Біз сіздерге қашанда бас иеміз! – деген Ғани Айдарұлы қаламыздың дамуы жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан нәзікжандыларды қала әкімі орынбасарының «Алғыс хатымен» марапаттады. Осыдан соң Қазақстанның Халық әртісі Роза Рымбаева сөз кезегін алып, ерекше мерекенің өзіндік орнына тоқталды.

– Тек біздің елімізді ғана емес, әлемді шарпыған індеттен енді ғана есімізді жиғандаймыз. Осынау кеш барысында көптен бері көріспеген, кездеспеген апайларымызбен, құрбы-құрдастарымызбен

қауышып, бір жасап қалған жайымыз бар. Алматыда көктем лебі есіп, күннің жылына бастағаны сезіледі. Сыртта көктем есік қақса, іште қалай отырайық? Осындайда біздің көңіл күйімізге «Көктем лебі» әні дөп келетін сынайлы, – деп әсем әні мен әзілі қатар жүретін әнші екі-үш әнді орындады.

– «Қары қалың, мұзы қатты жерге гүл шығарған көктемнің келері анық», – деген екен бір ағам. Көңіл шіркін көктемді, жазды көргісі келеді. Сол көктемде мыңдаған «Айгөлектің» барша таза көңілді періштелерінің атынан көктемдегі жаңаруды, өсу мен өнуді, көңілінді көк белге алып шығатын көктемнің шуағын тілеймін, әрбір ананың отбасына мол қуанышын әкелсін деген тілегін жолдаймын, – деді қазақтың Қымбаты.

Өз сөзінде ардақты ұстаз Гүлшарбан Қамылбайқызы қала әкіміне мектепте дәріс бергенін айтып, елге белгілі шәкірттерін мақтанышпен атап өтті.

Мерекелік кеште Сұлушаш Нұрмағанбетова, Майра Ильясова, Гүлнар Сықымбаева, Сәуле Жанпейісова, Айгүл Қосанова, Шакизада, Алма Аманжолова, Тахмина Әшімбекова сынды өнер шеберлері әннен шашу шашса, танымал ақын Құрбанай Бахтиярқызы «Мықты әйел» деген өлеңін оқып, мереке иелерінің рухын көтерді. Өзінің отты өлеңімен ортаны толтырды.

Қаланың тамырына қан жүгіртіп отырған әрбір саланың белсенді әйелдері бас қосқан кешке белгілі кәсіпкер Айнұр Жұмаш колдау көрсетсе, Гүлмира Нәлібай кештің көркін ашты.

АУА РАЙЫ

КҮН РАЙЫН ЕСКЕРЕ
ЖҮРІҢІЗ

Қазгидромет 10–12 наурызға арналған ауа райы болжамын жариялады. «Екі күнде елімізде күн салқындайды» дейді мамандар.



Әсел
ДАҒЖАН

Қазақстан аумағының солтүстік жартысы антициклонның ықпалында болатындықтан ауа райы жауын-шашынсыз, ауа температурасы өте төмен болады. Түнде бұл аймақтардағы термометр бағандары 17–28 °C градусқа дейін төмендейді. Ал еліміздің батысы мен оңтүстігінде,

оңтүстік циклонның шығуымен жауын-шашын күтіледі. Республиканың батыс аймақтарында көбінесе қар жауады, ол боранмен қатар жүреді, оңтүстігінде негізінен жаңбыр, ал таулы, тау бөктеріндегі аудандарда қатты жауын-шашын, тұман, көктайғақ болады деп күтілуде. Сондай-ақ, фронтальды аймақтың Қазақстан аумағы арқылы өтуімен 15–20 м/с дейінгі жел 23–28 м/с екпінге дейін күшейеді.

5G-ДІҢ
МҮМКІНДІГІ МОЛ

Елімізде 5G желісінің қашан қосылатыны белгілі болды. Бұл ақпаратты Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек айтты. Қазіргі уақытта 5G енгізу бойынша тестілеу жұмыстары жүргізілуде.

«Біз 5G технологиясын енгізу бойынша жұмыс жүргіздік, тестілеу өтіп жатыр. Биыл жылдың соңына дейін республикалық маңызы бар қалалар – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент шаһарларында іске қосамыз. 2023-2024 жылдары – облыс орталықтарында істей бастайды. Біз 5G-ді ауылдарға тартпаймыз», – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек.

Дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Сана тазармай, қала тазармайды

Алматының Арбатында жылдың қай мезгілі болсын тіршілік қайнап жатады. Серуен құрып, демалуға қолайлы болғандықтан шығар, мұнда күндіз-түні адам аяғы толастамайды. Бұл жерге қала тұрғындарынан бөлек, сырттан келетін туристер де көп. Бірақ мұнда тазалық мәселесі ойдағыдай болмай тұр.

Вера Харути есімді қала тұрғыны әлеуметтік желіге жүктеген бейнекөріністен орындықтардың айналасындағы қоқысты, кез келген жерде қолданылған бетперделердің шашылып жатқанын көруге болады.

— Мынадай көрініс қаланың көркін қашырады. Сондықтан тазалық мәселесінде біз алдымен өзіміз жауап беруіміз керек. Сонда барып аула тазарады. Ал ауланың тазалығы — қаланың тазалығы, қаланың тазалығы — сананың тазалығы, — дейді ол. Оның сөзін қоспағанда тұрғындар қала тазалығына байланысты ойларын бірінен соң бірі іліп әкетіп жалғастыра жөнелді.

Аида ҚАНАҒАТҚЫЗЫ: Тазалық — бәрімізге ортақ. Біз негізі көп нәрсеге көз жұма қараймыз. Бірақ соның зияны айналып келгенде өзімізге тиіп жататынын ескере бермейміз. Өзім Арбатқа отбасыммен жиі келемін. Мынадай шашылып жатқан қоқыстарды көргенде, санамыздың әлі де тазалыққа үйренбегеніне көз жеткіземін. Әйтпесе, қолымдағы ішіп келе жатқан сусынның ыдысын қалаған жерге тастай салуды мен де білемін. Алайда, оған менің дәтім бармайды. Себебі, маған

ата-анам қоғамдық орында өзімді қалай ұстауды, тіпті қоқыс ауаны ластайтынын, сондықтан оны қалаған жеріне тастауға болмайтынын бала кезімде үйреткен.

Людмила ГИТИНА: Қаланың қоқысқа тұншығып жатуы ең бірінші бізге, өзімізге ұят. Одан кейін бұл көше сыпыратын еңбек адамдарының жұмысын бағаламағандық. Әрі-беріден соң оны тазалап жүрген де өзіміздің аға-апаларымыз емес пе?!

Айжан БЕКЕНОВА: Егер қателеспесем, Арбаттан алыс емес жерде полиция пункті орналасқан. Сол жерде отырған адамның пункттен шығып, сол жерде демалып жүрген ел-жұртқа, жастарға маңайына қоқыс тастамауды, таза ұстауды айтып жүргенін, тәртіпті қадағалап, бақылау жасағанын ешқашан көрмеппін. Сонда ол не үшін отыр?

Бағдат МАҚСАТУЛЫ: Менің ойымша, мұндай көріністерге әкімдіктерілер емес, қоқысты тастаған адам және сол қоқысты тастап жатқан адамды көріп тұрып, оған ешқандай ескерту жасамаған адам ұялу керек!

Лиза ҚҰДИЯРБЕКҚЫЗЫ: Тазалық мәселесіне басқаша көзқараспен қарау керек сияқты. Бәлкім, айыппұлдың мөлшерін арттырып, белгіленбеген жерге қоқыс тастаған тұрғынның өзіне әлгі аумақтың барлығын тазартыру тетіктерін қарастырған жөн шығар.

Мүмкін, оны әкімшілік құқық бұзушылықтың бір тармағы ретінде заң шеңберімен бекітіп, қолданысқа енгізерміз. Егер талап қатты болмаса, мұндай немқұрайдылық бұдан әрі де жалғаса береді.

Бұл бір ғана Арбатқа қатысты жайт емес. Қаланың қай аумағына барсаң да, мұндай көріністерді кездестіруге болады. Сондықтан тазалықты әркім өзінен бастаса дейміз.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



«Хат та, хабар да жоқ»

Наурызбай ауданына қарасты «Достық» ықшамауданының ауласында көлденеңінен жатқан бөрене тұрғындардың жүріп-тұруына кедергісін келтіріп жатыр.

Бұл туралы ықшамаудан тұрғыны Жәмиля Ақарысова айтып, редакциямызға хабарласты. Жас ананың айтуынша, балалар арбасымен аулада серуендеу мүмкін емес дейді.

— Аулада көліктердің жүріп-тұруы қиын. Бөренеден өте алмай көліктерімізді алыс жерге қойып кететін күніміз де болады. Інім велосипедін көтеріп өте алмайды. Кішкентай балалармен аулада жүріп-тұру қиындады, — дейді тұрғын.

Ықшамаудан тұрғындары мәселені айтып, бөренені алып тастауын өтініп, аудан әкімдігіне талай хабарласқан. Алайда, олардан әлі күнге дейін не хат, не хабар жоқ көрінеді.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Қоқыс көлшік



«Әйгерім-2» ықшамауданының тұрғындары «Родничок» балабақшасының жанындағы қоқыс қалдықтарына наразылық білдіруде. Айтуларынша, балалар көп қатынайтын алаңда ішімдік бөтелкелері толып жататын көрінеді.

— Аула қоқысқа толып жатыр. Бөтелкелер мен тұрмыстық қалдықтардан көз аша алмай келеміз. Аудан әкімдігіне талай рет хат жолдасақ та, келіп тазалап кеткен жоқ. Қазір қай жаққа шағымданарымызды білмейміз. Күн жылыған сайын иісі де мұңкіп кетеді. Тіпті, көлшіктің ішінде қоқыс контейнері де жатыр, — деді Айғаным Сапар есімді тұрғын.

Қыста мұз үстінде толып жататын қоқыс қалдықтары күн жылығанда еріп, көлшіктің ішіне толған. Аудан тұрғындары басшылықтан осы мәселенің шешімін тауып беруін сұрайды.



САМОКАТ

Жолды жаппайық

Көктем келісімен, қала тұрғындары гидроскутер, самокат секілді альтернативті көліктерді жиі қолдана бастайды. Әсіресе, көше бойында самокаттармен кетіп бара жатқан жастарды жиі байқаймыз.

Бірақ сол жүйткігенде көз ілеспейтін көліктер кейде кедергісін тигізіп жатады. Мұны әркім әртүрлі мақсатта пайдаланары анық. Десе де, әрнәрсенің өз орны бар. Байқасаңыз, «Өзім» қосымшасы арқылы жүзеге асатын, электорсамокаттар кез келген жерде қалып жатыр. Мәселен, мына суреттегі самокат жолдың дәл ортасында тұр. Жаяу жүргіншіге кедергі жасауда. Үлкен қарт кісілер, балалы әйелдер тротуардағы көлденең тұрған дүниені айналып өтуге мәжбүр. Қанша жерден джипізбен басқарылады десек те, арнайы



бекеттер жасауға болмас па екен? Сонда әр жерде қаңырап қалмас еді. Пайдаланушы арнайы орыннан алып, келесі бір арнайы нүктеге қойса жөн болмақ. Осы мәселенің тезірек шешім табырына сенеміз.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

«Құлақтарыңызға алтын сырға»



«Ақшам» арқылы айтамыздың алдыңғы шығарылымында батпақты көшелердің легін жазған болатынбыз. Бүгінде олардың саны көбеймесе, азайған жоқ. Солардың бірі — «Шапағат» ықшамауданында.



«Суреттегі көшенің асфальтын көрмегенімізге түп-тура — 20 жыл». Тұрғындар осылай деп, шағымдарын жеткізді. Олар «аудан әкімдігіне айта-айта жағымыз талды» дейді. Тіпті, олар «күн жылынбаса екен» деп тілейтін халге жеткендерін жасырмады.

— Шыны керек, батпаққа малынған аяқкімімізді жуа-жуа тозығы жетті. Көлікпен келесі көшені айналып өтуге мәжбүрміз. Жауапты басшылықтан үміт үздік. Өзіміз талай шағым айтып, талпындық. Еш нәтиже болмады. Сол үшін сіздерге хабарласып отырмыз, — дейді Жарас есімді тұрғын.

Бұл Жетісу ауданындағы жалғыз мәселе емес. Ауданды аралап, талай көшенің қотырына тап болдық. Сондықтан аудан әкімдігінің «құлағына алтын сырға» деп айтқымыз келеді.



ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІКТЕРІ

«Өмірлік
ұстанымым –
адамдарға
жақсылық
жасау»

Тәуелсіздік талайдың шамын жақты. Біреуге ынта, енді біреуге жалын сыйлады. Дарындылар топ жарды. Сөйтіп, дүниені таңдандырды.



Соның бірі – жас ақын, «Шабыттың» Гран-при иегері, Халықаралық бейбітшілік әлемі сыйлығының I дәрежелі дипломанты Батырхан Сәрсенханмен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Өлкіссаны «егемендік сізге не берді» деп бастасак?

– Иә, бұл – Тәңірдің тәтті сыйы. Ешкім жасай алмас, көп жұрт аңсағанмен қолы жете қоймайтын дүние. Бұл ғаламшарда байтақ, дархан көңілді қазақ дейтін халықтың ұрпағы болу – ғанибет. Тек тамсанып жүре беру аз. Әрекет етіп, елді шарықтатудың жолын іздеген абзал. Баршаға ортақ құндылық әр уақытта өз маңызын жоғалтпасы анық. Бәрінен де рухани тәуелсіз болғанға не жетсін?!

– Бірде «көпшіліктен озу оңай» депсіз, осы пікіріңізге кеңірек тоқталсаңыз?

– Менің ағамның 15 шақты қойы бар. Жылда төлдейді. Бірқатары жазға жетпейді. Осылай уақыт өтеді. Түк өзгеріссіз. Мен бұлай жүруді жөн көрмедім. Өз даңғылымды іздедім. Ол – ақындық. Білесіз бе? Тәңір өзі берген жалынын өзі қориды. Адамды мойындату қиын емес. Тек бағытты айқындасаңыз болғаны. Уағында әл-Фараби, Абайлар қиын кезеңде ғұмыр кешті. Есесіне, өшпес із қалдырды.

– Қоғамда «ақындар» десе қағаз, қалам, қиял елестейді. Сіздің хоббиіңіз қандай?

– Оныңыз рас. Десе де, логикалық дүниеге жақындауым. Ойымды дамытуға тырысамын. Ол үшін ұдайы шахмат ойнаймын. Жанымы жеп ойнаймын деп те айта аламын. Мидың қыртыстарын қозғайды. Көне Үндістан, Мысырда патшалар мен элиталық топ өкілдерінің сүйікті ойыны саналған. Мен де құштармын. Жалпы, берері көп. Футболды да жақсы көремін. Шабуылдаған ұнайды. Жаныңды сергітеді дей аламын.

– «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» депті. Болашақтағы Батырхан қандай?

– Менің әрдайым ойланатын тақырыбым. Күніге кем дегенде екі кісіге жақсылық істеу – мақсатым. Ал адамдарға жымып қарау – дағдым. Осы қасиеттер өмірлік ұстанымға айналуға. Бәлкім, келешекте әлемді бағындырармын. 2038 жылы Нобель сыйлығының лауреаты атанамын. Бұл – айды аспанға шығаратын жаңалық. Сол күнге бәрімізді бірге жеткізсін. Сондай-ақ, Францияның Сорбонна университетінің маңдайшасында «Саған Құдай бермегенді Сорбонна университеті бере алмайды» деп жазылып тұрады екен. Бұл – парадокс. Болмасаң да, ұқсай біл!

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

БІЗ ЖАСТАРҒА СЕНЕМІЗ!

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» –
тәуекел мен мүмкіндіктер елі

Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл – шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік. Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!» деген болатын. Сондай-ақ, «Жаңа Қазақстанға» әр азаматтың атсалысу қажеттігі маңызды екенін айтты.



Азиза МҰРАТБЕКҚЫЗЫ,
экономика ғылымының
магистранты:

ЕЛГЕ ЕҢБЕК ЕТЕМІЗ

Қазақ мемлекетінің дамуы білгір жастардың қолында. Олар өзінің бойына жинап жүрген ілімдерін сіңіріп, елге берсе, құт болмақ. Ол үшін әуелі сапалы білім алғаны абзал. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби «тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» депті. Ойшыл әуелі адамзатқа тәрбие құндылықтарын сіңіру маңызды екенін айтқысы келеді. Бүгінгідей алмағайып шақта осындай нақылдың орны айрықша болып тұр. Егер кез келген мәселеге зер салсаңыз, қаржылық жағдайға тіреледі. Бұл шынында да солай ма?! Біздіңше, сананың жұтандығы көп жағдайда қол байлау болатын сияқты. Сол себепті, еңсені төмен түсірмеу қажет. Экономикалық ахуал үнемі ойнап тұрады. Ол жағы заңдылық. Кеше байыған кісі ертең кедейленеді. Бірақ көкірекке түйген ілімді ешкім тартып ала алмайды. Қазіргі таңдағы жастар бойында келесідей қасиеттер болса екен дейміз.

Олар:

- Ортаға тез сіңу;
- Жылдам ойлау;
- Шапшаң әрекет ету;



Алмас ИСАТАЙ,
педагогика ғылымының магистрі, ұстаз:

ӨМІР МҰМКІНДІКТЕРГЕ
ТОЛЫ

Уақыт шапшаңдықты талап етуде. Бәрі максималдық жылдамдықпен дамып жатыр. Адамдар биікке ұмтылуға. Бәсекеге қабілетті, заманға икемді болсаңыз, ұтасыз. Жүрген жеріңізде сыйлы боласыз. Адамзаттың басты қағидаты – ілім жинау, жаһанды кезу, жан рахатына қарай ғұмыр кешу. Осындай қарапайым ойлар баршаны алға жетелері анық. Бұл ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, «Пай, Пай өмір!». Сондықтан әр сәттің өз ләззатын сезініңіз. Жақсы ойлар ойлаңыз. Үнемі алдыңызға мақсат қоя біліңіз.

Көрнекті қаламгер Ғабит Мүсірепов «Қазақ елі – өз мұңын өзі ойлап, өзі ізденіп, тіршілік деген кең майданда сыналған ел» дейді. Шынында да, халқымыз талайды бастан кешті. Тар жол, тайғақ кешуден өтті. Барлық келеңсіздіктерге қасқайып қарсы тұрды. Мұқалмады. Жүгірген аңның аяғы, ұшқан құстың қанаты талатын кең жазирада ғұмыр кешті. Ел шетіне жау тисе, үш жүз баласы түгел атқа қонды. Намысты қолдан жібермеді. Ұлын құл, қызын күң етуге жол бермеді.

Біздердің бабаларымыз төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлетті. Мәдениет алмасуын жасады. Үнемі тарихтың жаңа парақшаларын ашып отырды. Бәрін бір арнаға тоғыстырғанда, атамекен бүгінгі ұрпақтары – бізге бұйырды.

Жазушы Қадыр Мырза Әлі айтқандай, «біз тарихы қалың елміз». Бұл сөздің аса астарлы мағынада айтылған ақиқат екені аңғарылады. Байтақ, қастерлі сахараны өркендету жолында қайтпек керек?! Осыған байланысты сауалнама жасадық.

- Берілген тапсырмаға тиянақты болу;
- Позитивті ойлау.

Осындай қағидаттар алға жетелейді. Білеміз, қарапайым. Әйткенмен орындауға оңтайлы келеді. Бір нәрсеге сенем. Ол – жарқын болашақ. Кезіндегі Америка Құрама Штаттарының әйгілі президенті Джон Кеннеди «Америка маған не береді емес, Мен Америкаға не берем» деген ой тастапты. Осы пікір әлі күнге дейін өміршеңдігін дәлелдеуде. Біз де осындай игі ұстанымдар айналасында болсақ екен.

Данышпан Абай «есектің артын жусаң да мал тап» депті. Сонау XIX ғасырда айтылса да, өзектілігін жоймаған. Бір мысал келтірейін. Дүние жүзіне аты шыққан тігінші әрі сән әлемінің негізін салушы – Кокко Шанельді білмейтіндер кемде-кем шығар. Ол жастайынан шебер тігінші болуды көксеген. Өз жұмысын жіп иіруден бастаған. Тынбай ізденген. Сән үлгісінің тың жолдарын қарастырған. Оның қолынан шыққан киімдер көптің назарын аударған. Ауқатты байлардың жарлары біртіндеп көйлекке тапсырыс берген. Сөйтіп, өзінің түпкі мақсатына жеткен. Осылайша бір ғана Франция емес, күллі жаһанға аты тараған әйгіліге айналды.

Жоғарыда айтылған мысалдардың өзіндік маңызы айрықша. Әрбірінің детальдік салмағы бар. Әрбіріміз алға қойған мақсатқа талпынсак, ұтамыз. Сол бағытта барымызды салуымыз керек. Осындай көзге еленбейтін оқиғалар мотивация берері сөзсіз. Өзімізді қалыптастырайық. Жемісті қызмет – жеңісті сәттерге жетелейтіні анық. Қазақстан әлемдегі ең қуатты елге айналсын демекпіз.

Ойдан кереғар пікірлерді шығарыңыз. Жадыңызда әрдайым игі ниеттерді ұстаныңыз. Осындай нәрселер адамды алға бастайды. Осыдан келіп өзіңізді қалыптастырасыз. Өзі қалыптасқан жан айналасына пайдасын тигізеді. Елге кәделі іс жасайық!

P.S. Адамның арманы таусылмайды. Әрдайым жақсылықтан үміт күтеді. Баршамыздың мүддеміз – тәуелсіз, бейбіт, байтақ елімізді өркендету екені айқын. Осы бағытта бір үйдің баласындай, бір жеңнің саласындай жүріп жатқан жайымыз бар. Әрдайым ел мерейі үстем болғай!



BIRGE – TAZA QAZAQSTAN

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ҚАЛА КӨРКІ

Биыл Алматыда 350 мың ағаш егіледі



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында еліміздегі экологиялық жағдайға баса назар аударып, ел аумағындағы орманды алқаптарда 2 миллиард, елді-кентерде 15 миллион көшет егуді тапсырған болатын.



Тегін көшет алыңыз!

Алматыда тұрғындарға тегін көшет таратуды көздейтін «Жасыл қала» науқаны басталды. Шара аясында көпқабатты үйлер ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті әрбір алматылық шаған, үйеңкі, шегірін, терек, қараған мен қайыңның көшеттерін тегін ала алады.



• Науқан қатысушылары отырғызылған ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоятындығын ескерген жөн.

• Қатысу үшін zeleniy_dvor_almaty@mail.ru электронды поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:

1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;
2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панорамалық форматта болғаны жөн);
3. Сұралып отырған көшет түрі мен саны.

• Өтініштер 9–18 наурыз аралығында қабылданады. Көшеттерді Бостандық ауданы, Тәжібаев көш., 155 А («STAMP SERVICE» ЖШС базасы) мекенжайынан алып кетуге болады.

• Келіп түскен өтініштер 19–27 наурыз аралығында қарастырылып, ағаш отырғызу жұмыстарын 28 наурыз бен 12 сәуір аралығында жүргізу жоспарланған. Соңынан жоғарыда көрсетілген электронды мекенжайға фото есеп жолдау қажет. Көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қарастырылмайды.

Қосымша ақпарат алу үшін Жасыл қорды бақылау бөліміне келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 272-54-89, 8 747 995 81 47.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН:

Қалада отырғызылатын ағаш түрлері ғылыми қауымдастық пен ландшафт сарапшыларының қатысуымен климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай таңдап алынады.



Тамшылатып суару дамиды

Ел Президентінің бастамасына сәйкес Алматыда шаһардың экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған бірқатар жобалар қолға алынған. Мәселен, 2020 жылдан бастап мегаполисте бір миллион ағаш отырғызу бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл шара ағымдағы жылы да жалғасын таппақ. Биыл Алматыда тағы 350 мың ағаш отырғызу жоспарлануда.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Көктемгі ағаш отырғызу жұмыстары барысында шаһарда 633 мың ағаш отырғызылып, жалпы ауданы 404,11 гектар аумақ көгалдандырылды.
- Жасыл желекті суару жұмыстарын күшейту үшін жаңа су ұңғымалары салынып, арық жүйесі түгенделді.
- Ағаштардың жерсінюін жақсарту үшін суару жүйесінде 27 су жинағыш тоған құрылысы жоспарланған.



Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, бүгінде мегаполистің жасыл желегі 2,6 миллионды құрайды. Бұл көрсеткіш жыл сайын аумағы ұлғайып келе жатқан алып шаһарға аздық етеді. Сондықтан Алматының жасыл қорын жақсарту мақсатымен қала әкімдігі алдағы екі жылда қосымша миллион ағаш егуді жоспарлап отыр.

Бүгінде тамшылатып суару әдісі Батыс Еуропа елдерінде кеңінен қолданылады. Осыны ескерген қала әкімдігі Алматының жасыл қорын жақсарту мақсатында ерекше суару тәсілін қолға алуда. Яғни «Жасыл қала» мәртебесін сақтау және арттыру үшін Алатау ауданында тамшылатып суаруды дамытуға 332,3 млн. теңге қарастыруды ұсынып отыр.

Өсімдіктің тікелей тамырына құбырлар, түтіктер көмегімен суды баяу тамшылату арқылы суаруға мүмкіндік беретін бұл тәсілдің пайдасы шаш-етектен. Бұл тәсілдің артықшылығы сол, арамшөптер жиі шықпайды, басқа суару түрлеріне қарағанда, еңбек құны аз, тыңайтқыштар мен құнарлы заттардың жоғалуын азайтады, ең негізгісі, суды үнемдейді дейді мамандар.

Қала әкімдігі бұдан бөлек «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында Алатау, Наурызбай және Жетісу аудандарына қосымша 1,3 млрд. теңге бөлмек. Аталған қаражат аудандардағы спорт және балалар алаңдарын абаттандыруға, жасыл аймақтар құруға жұмсалады деп жоспарлануда.

Ағаш егу – сауапты іс

Жасыл экономика басқармасы және Алатау ауданы әкімдігінің қолдауымен Алатау ауданындағы саябаққа 40-қа жуық қарағай ағашы отырғызылды. Жаңа жылды сауапты іспен бастаған алматылықтар: «Мақсатымыз – ауа сапасын жақсартып, табиғатты қорғау», – дейді.





БЕЙЖИҢ–2022

АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕ



Бейжіңде қазақстандық спортшылар Паралимпиаданың алғашқы жүлдесіне қол жеткізді.

Бейжіңде өтіп жатқан жарыста 8 наурыз күні биатлоншы Александр Герлиц қола жүлде иеленді. Бұл биылғы Паралимпиаданың Ұлттық құрама үшін бірінші жүлдесі.

Александр Герлиц пара биатлоннан 10 шақырым қашықтықта тұрып сырғанаудан үздік үштік қатарынан көрініп, ел мерейін үстем етті.

Паралимпиадаға Қазақстан атынан Ербол Хамитов, Денис Петренко және Сергей Усольцев те қатысып, пара шаңғы және пара биатлон спорт түрлерінен бақ сынауда. Жалпы есепте Қазақстан құрамасы 17–19 орындарды Швейцария және Австралиямен бірге бөлісіп тұр.

P.S. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Герлицті паралимпиададағы жеңісімен құттықтады. «Бейжіңде өтіп жатқан Паралимпиада ойындарында қазақстандық биатлоншы Александр Герлиц 10 шақырымдық жарыста қола жүлдеге ие болды. Бұл – Қазақстанның алғашқы медалі. Александрды шын жүректен құттықтаймын және спортта бұдан әрі қарай да табысты болуына тілектеспін!», – деп жазды Мемлекет басшысы өзінің Twitter-дегі парақшасында.

ТАЭКВОНДО

FAJR OPEN
НӘТИЖЕСІ

шыларымыз Азия чемпионатында сәтті өнер көрсеткен.

Екінші жарыс күні төрт таэквондошымыз қатысып, Мария Севостьянова (57 келі) мен Айгүл Елубай (73 келі) ширек финалға шықты. Бірақ өкінішке орай, екеуі де жергілікті таэквондошылардан ұтылып, жартылай финалға жолдама ала алмады.

Әйелдер құрамасының бас бапкері Сәуле Сардарованың айтуынша, халықаралық деңгейге қарамастан, төрешілер құрамында бірде-бір шетелдік маман болған жоқ. Турнирде тек ирандық төрешілер жұмыс істеді. Бұл бірқатар қатысушы елдердің наразылығын тудырды.

Дегенмен, жалпы есепте Қазақстанның әйелдер құрамасы 36 ұпай жинаған Иран және Өзбекстан командаларынан кейін үшінші орынға жайғасты.

ФУТБОЛ



Қазақстан футбол құрамасының бас бапкері ауысты.

Футбол федерациясының шешімімен ұлттық құраманың бас бапкері Талғат Байсуфиновтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Т. Байсуфинов бұл қызметке 2020 жылы келген еді. Оның орнына Андрей Карпович тағайындалды.

ГАНДБОЛ



Алматыда гандболдан жасөспірімдер арасында 16-шы Азия чемпионаты өтуде. Қазақстандық спортшылар құрлық біріншілігінде екінші жеңісіне қол жеткізді.

АЗИЯ
ЧЕМПИОНАТЫ

Турнир 7 наурызда басталды. Бірінші кездесуде Қазақстан құрамасы Тайландтан келген қарсыластарын 28:20 есебімен ұтты.

Екінші ойында қазақстандық қыздар Ираннан келген қарсыластармен кездесті. Кездесу 30:24 есебімен отандық спортшылардың жеңісімен аяқталды.

Ендігі кезекте қазақстандық гандболшылар Үндістаннан келген қарсыластарымен сынға түседі.

Турнир 14 наурызға дейін жалғасады. Айта кеткен жөн, бұл чемпионат 2022 жылы Словенияда өтетін жасөспірімдер арасындағы гандболдан әлем чемпионатының іріктеу кезеңі болып табылады.

ТҰҢҒЫШ БІРІНШІЛІК

Сенатор Бейбіт ИСАБАЕВ:

ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП,
ЖӘРДЕМДЕСУГЕ ДАЙЫНБЫЗ

Елордада футболдан «Жұлдыз» лигасының ҚР тұңғыш біріншілігі өтті. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев өзінің фейсбуктегі парақшасында жазғанындай, бұл чемпионат өнер, спорт және медиа саласындағы белгілі жастардың бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылды. Турнирге еліміздің бірнеше облысынан келген спортшылар, айтыскер-ақындар, медиа саласының қызметкерлері мен өнер майталмандары қатысты. Біріншіліктің басты ұраны – таза спорт «БІЗ БӘС ТІГУГЕ ҚАРСЫМЫЗ».

«Өкінішке орай, қазіргі уақытта спорттағы букмекерлік бәс тігулердің көптеген жастардың, жас отбасылардың әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік жағдайына теріс әсер етіп отырғаны ойландырады. Осы ретте 2020 жылы «Ойын бизнесі туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар қабылданған болатын. Өз кезегінде біз осы заңның шикі тұстарын қайта қарап,

зерделеу мәселесін ойға алдық. Осындай үлкен әлеуметтік маңызы бар мәселені жастарымыз өздері көтеріп, игі бастамаға атсалысқандары қуантарлық жайт. Біз өз тарапымыздан әрдайым жастарға қолдау көрсетіп, жәрдемдесуге дайынбыз», – деп тұжырымдады Сенатор.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РЕЙТИНГ

ЗАҢҒАР КӨШ БАСТАП ТҰР

Қазақстандық жас теннисші әлемдік рейтингте үш ай қатарынан көш бастап тұр.

Tennis Europe ұйымы 2022 жылдың күзінде Монте-Карлода өтетін жарысқа орай жасөспірімдер арасындағы рейтингтің жарияланған нұсқасын жариялады.

Қазақстандық теннисші Заңғар Нұрланұлы Junior Masters рейтингінде үш ай қатарынан көш бастап, бірінші тұр. 14 жасқа дейінгі теннисшілер арасында Заңғар Нұрланұлы осы жолы да бірінші орыннан түспеді. Жерлесіміз 445 ұпай жинаған.

Сонымен қатар, рейтингтің ТОП 150-іне Дамир Жалғасбай (33-орын) және Даниэль Тазабеков те (111-орын) енді.



ТЕННИС



Алан Құрманғалиев Катарда өткен халықаралық турнирден екі медаль жеңіп алды.

Катарда үстел теннисінен WTT Youth Star Contender турнирі өтуде. Турнирде Қазақстан намысын қорғаған Алан Құрманға-

АЛАНЫҢ
ЖҮЛДЫЗЫ
ЖАНДЫ

лиев жастар арасындағы жарыста екі күміс медаль жеңіп алды.

Ол жеке ойындарда Мұхаммед Аль-Салуатиді (Катар) 3:0, Юсеф Аидлиді (Тунис) 3:0, Юлиан Рзихаушектегі (Австрия) 3:1, Ян Величковты (Болгария) 3:1 есебімен ұтып, финалға шыққан. Өкінішке орай, шешу сында үздік атануға бір қадам жетпей қалды. Тамио Ватанабе (Жапония) 1:3 есебімен басым түсті.

Алан жарыстың екінші күміс жүлдесін Юсеф Аидлимен (Тунис) бірге жұптық сайыста жеңіп алды.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



КӘСІП

Эквадордан да гүл аламыз



Әсел
ДАҒЖАН

Мереке күні әрбір қыз-келіншектің құшағынан табылған гүлдер бізге жету үшін сонау Еуропа асып келетіндері белгілі болды. Осыдан кейін-ақ осы гүл бизнесін өз елімізде өркендетсек, оған сұраныс жоқ емес, өте үлкен екен деген де ой келді.

Сонымен, биылғы қаңтар-ақпан айларында елімізге барлығы 1085 тонна салмақта, құны 8,5 млн. АҚШ долларына бағаланған гүл әкелініпті. Мамандар сұраныс ең жоғары гүлдер ретінде раушан гүлдерін бағалаған. Өйткені, 724 тонна, құны 6 млн. АҚШ долларына жуық раушан гүлдер әкелінген. Екінші орында – хризантемалар (салмағы 97 тонна, құны 883 мың АҚШ доллары), үшінші орында – қалампыр (салмағы 28 тонна, құны 165 мың АҚШ доллары). Сонымен қатар, лалагүл де жоғары сұранысқа ие, оны 24 тонна салмағымен 178 мың АҚШ долларына әкелген. Басқа да жаңа кесілген гүлдер мен бүршіктер де (кызғалдақ, hydrangeas, линолиум, гипсофила, финикс, ирис, гортензия және басқа да экзотикалық гүлдер) салмағы 167 тонна, құны 1,1 млн. АҚШ долларына әкелінген. Биыл гүлдер Нидерланды (535 тонна), Бельгия (162 тонна), Германия (115 тонна), Эквадор (94 тонна), Литва (79 тонна), Колумбия (54 тонна), Өзбекстан (69 тонна), Кения (15 тонна), Словакия (5 тонна), Израиль (4 тонна) және Түркия (3 тонна) елдерінен әкелінген.



Дегенмен, биыл былтырғы жылмен салыстырғанда гүл азырақ әкелінген. Себебі, өткен 2021 жылы құны 41,4 млн. АҚШ долларына бағаланған салмағы 5752 тонна гүлдер әкелінген. Сондай-ақ, өткен жылы раушан гүлдері жоғары сұранысқа ие болған, оларды 3646 тонна салмағымен 28,2 млн. АҚШ долларына әкелген, хризантемаларды 714 тонна салмағымен 4,8 млн. АҚШ долларына, лалагүлді 240 тонна салмағымен 1,4 млн. АҚШ долларына, қалампырды 197 тонна салмағымен 1,1 млн. АҚШ долларына әкелген. Дегенмен 2021 жылы гүлдер экспортқа да шығарылған: 17,8 тонна салмағында 71,4 мың АҚШ долларына әкетілген екен. Негізінен шығарылғаны раушан гүлдері мен лалагүлдер. Ал гүлдердің экспортқа шығарылғаны жайлы дерек биыл жоқ.

МІНЕЗ ӘЛЕМІ

Көңіл күйіңіз түспесін

Бұрынғылар кісінің көңіліне қараған. Соған сай сөздің ретін арнаған. Әзілдесіп, қалжың айтқан. Қысқа ғана ғұмырда жайнап жүргенді дұрыс көрген. Қарап тұрсаңыз, ата-бабаларымыз бәрін білген екен. Әр нәрсенің байыбына барған.

Жадырауды – жан сүйеді. Австралиялық дәрігер хэм психолог Зигмунд Фрейд адам жанына қатысты бірқатар іргелі ойлар айтқан. Ғалым «Адамдармен қандай қарым-қатынас құруды өзін ғана біл. Өйткені, өзгеге сен қалай қарасаң, олар да солай қарайды деу бос сөз» депті. Расында көңіліміз қылтылдап тұрады. Оның бірқатар себебі бар. Бастысы тұрмыс, уақыттың жетпеуі, қаржылық қыспақ. Осы аталғандардың әрбірі келіп тірелгенде, адам автоматты түрде басқа күйге түседі. Осыны сараптай келе бірқатар ойларды ортаға салуды жөн көрдік.




Позитивті ойлау керек. Әрбіріміз өмірге бір-ақ рет келеміз. Екінші мүмкіндіктің болмайтыны анық. Ендеше, осы өмірде ойнап-күліп, жадырап жүргенге не жетсін?! Ешбір нәрсені көңілге алмай үйренген абзал. Ел арасында «ит үреді, керуен көшеді» дейді.

Терең мағынаға толы сөз деп білеміз. Ал қаржылық, жәй бір тұрмыстық жанжалдарды ұлғайтудың қажеті жоқ. Оның да шешімі бар. Шешілмейтін түйін болмайды. Сондықтан бес күн дүниеде сыйласып жүргенге ештеңе жетпейді. Жеткен де емес. Мейлінше ақжарқын көңіл күйді қалыптастырыңыз.

ТҮЙІН: Қазақ жұрты «оралыңның барында ойна да күл» деп терең мағыналы ой тастапты. Жоғарыдағы пікірлер де осыған саяды. Әрбір жанның жадырап, жайнап жүруі тек өзіне ғана байланысты.

Азиза АБЫЛАЙХАН.

ТҰЛҒАТАНУ



Біздің алтын айдарлы ұлымыз Димаш Құдайбергіннің аты аталғанда, ең бірінші ойымызға келетіні, әрине, «Дайдидай-ау» әні. Әлемдік сахнаға мұзжарғыш кемедей бұзып-жарып кіріп келе жатқан Димашымызбен бірге, тілі басқа сан мың ұлт өкілдерінің дүние жүзінің концерт залдарында «Дайдидай-ауды» қосыла шырқап, теңіздей толқыған сәттерін көріп те жүрміз. Енді ше, алтын ұлымыз «Дайдидай-ауды» шырқап ала жөнелгенде, шыбықтай әншінің ерекше дауысы шыбын жаныңды суырып алардай шырын сәтке бөлеп әкететіні сөзсіз.

«ДАЙДИДАЙ-АУ» кімнің әні?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Ал осы «Дайдидай-ау» әнінің авторына байланысты әркелкі пікір бар бүгінде. Әрине, көбіміз бір ауыздан халық әні дейміз. Бұл туындыны Мағжан Жұмабаевтың әні дейтіндер де бар. Ал профессор, КСРО Сәулетшілер одағының, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері Төлеубек Қарамендітегі екеуімен де келіспейді. Ол «Дайдидай-ау» әнінің авторы Сегіз сері дейді. Оған дәлелі де жоқ емес.

– «Дайдидай-ау» әнінің сөзі мен әуені көрнекті ақымыз Мағжан Жұмабаевтың шығармаларына еш қатысы жоқ. Бұл әнді көпшілік халық ауыз әдебиетіне теңегенімен, оның авторы, сазды әуенінің иесі әрі орындаушысы – Мұхаметқанапия Бахрамұлы Шақшақтегі. Ол батыр тұлғалы, сымбатты, рухы биік, әнші, композитор, қол өнер, қару жасау шебері, құралайды көзге атқан мерген болған. Осындай таным-табиғатына сүйсінген халқы оған «Сегіз сері» деп ат қойған. Ол 1818 жылы Солтүстік Қазақстанның орманды алқабы, көкжасыл табиғаты жайқалған Гүлтөбе-Маманай ауылында дүниеге келіп, 1854 жылы 36 жасында туған жерінде қайтыс болған.

Сегіз сері Омбы қаласындағы Азия әскери училищесінде (кейін Шоқан Уәлиханов оқыған Сібір кадет корпусы деп аталды) оқып жүргенде-ақ патша билігінің қазақ еліне қарсы жазалаушы әрі салықпен қанаушы отряд жасақтап жатқанын түсінеді. Қазақ Дала демократиясының ұлттық тәлім-тәрбиесінде, адалдық пен ар-намыс рухында тәрбиеленіп өскен Сегіз сері училищені бітірген соң-ақ генерал-губернатор П.Д.Горчаковқа қызмет етуден бас тартады. Осы қарекеті үшін орыс патшасының тұтқынынан қашқан Сегіз сері Батыс Қазақстандағы нағашы ағасы, қазақ тарихында есімі белгілі батыр, ұлт көтерілісшілерінің жетекші көсемі Сырым Датұлына барып бас сауғалайды. (П.Вяткин – академик, «Батыр Сырым», «Москва-Ленинград» басп., 1947 ж.).

Батыс Қазақстанның шексіз қиыр даласында Сегіз сері өзінің серіктестерімен ат үстінде елден елді жазалап 4 жыл бойы патша үкіметінің жауыз қарақшылары мен оның саясатын жүргізіп отырған қазақтың сатқын сұлтандары, соның ішінде Жәңгір ханның сойылын соққан жалдамалы жемдеттерден қашып, бой тасалаған. Осы жылдары туып-өскен жерден жырақта жүрген Сегіз серінің кейін қазақ халқының мәдени асыл мұрасына айналған туындылары жазылған, – дейді Төлеубек Қарамендітегі.

Төлеубек Қарамендітегі, сондай-ақ Сегіз серінің өзі қуғын-сүргін көріп жүрсе де, ел ішінен өзі секілді серіктес, ниеттес талантты жігіттердің басын қосып, шағын өнерпаздар тобын құрғанын айтады. Олар келгенде ауыл жұрты аса ықыласпен қарсы алып отырған деседі. Өнерпаздар кез келген жиынның көркі болған.

Әр жердің табиғаты, әр елден көрген тұрмыс қарекеттері, болмысы бөлек қазақ қыздарының бойынан табылатын сұлулық қасиеттері, соғысқа кеткен ерлерінің орнын басып, елін, жерін қорғап, жауға қарсы шапқан қазақ аруларының батылдығы – осының бәрі Сегіз серінің шығармашылық шабытының қайнар көзі болды. Сондықтан оның кейіпкерлерімен аталған «Гаухартас», «Ғайни», «Ақбет», «Қарғаш», «Дайдидай-ау»



және басқалары осыдан 150 жыл бұрын дүниеге келген және қазірдің өзінде еліміздің театр және концерт залдарының сахналарында көптің сүйіп тыңдайтын әндеріне айналған.

– XIX ғасырдың бірінші жартысындағы музыкалық-поэтикалық шығармаларды тудырған көрнекті тұлға, патшалық Ресей отарлаушыларына қарсы күрескер Сегіз сері туралы жазылған кітаптар, ғылыми еңбектер, мақалалар Қазақстанның газет-журналдарында көптеп жарияланған. Осы жазбаша дереккөздерде «Дайдидай-ау» әнінің сөзі, әні, орындаушысы Сегіз сері екені айтылған. Оның көрнекті ақын, сазгер, шығармашыл тұлға ғана емес, өз заманындағы отарлық езгіге қарсы батыл күрескер болғанын да ресми дереккөздер растайды. XX ғасырдың аяғында Сегіз серінің өмірін, шығармаларын зерттеуші екі ғалым дүниеден өтіп кетті. Бірі – филолог-ғалым Төлегі Сүлейменов, «Сегіз сері» кітабының (1991 ж., «Өнер» баспасы) авторы. Екіншісі – менің әкем Сейітқали Қарамендітегі, жарты ғасырдан астам уақыт ауыз әдебиетінің фольклорын зерттеп, халықтың ауызекі шығармаларын тіркестіріп жинаған. Араб қарпін еркін оқитын ол 1929 жылы Қазақстанда латын әліпбиіне ауыстырғанға дейін Сегіз серінің шығармаларын жинап, бастырып шықты. Ол Сегіз серінің араб графикасында жазған «Қыз Жібек» поэмасын түпнұсқадан оқыған адам, – дейді Т.Қарамендітегі.

Жас күнінен-ақ Ресей империясының отарлық саясатына қарсылық білдіріп, ұлты, елі, жері үшін күрескен Сегіз серінің аты Кеңес заманында да аталмау себебін енді түсінгендейміз. Бүгінде оның есімі, ерлігі және шығармалары халық арасында таралып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.



МӘСЕЛЕ

Қазақ тіл ғылымы мен қазақ тілі пәні:

БАЙЛАНЫС АЛШАҚТАП БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Қазақстан» телеарнасы тілшісіне берген сұхбатын көзі ашық, көкірегі ояу қазақ тілді тыңдарманның тағатсыздана күткені анық. Әрқайсымыз қаңтар оқиғасынан кейін әлі жазылып бітпеген жан жарамызға медеу, орнықтаған көңілге сая іздедік, ертеңгі күнімізге деген сенімділік, жамандықтан кейін келетін жақсылық ел басшысының емеурініне тіреліп тұрғандай көрінді. Бұл үмітіміз сұхбат барысында ақталғандай да болды.



Әркім жоғын іздейді. Мен де сұхбат барысында тіл маманы – ұстаз ретінде өз сұрағымға жауап іздедім, оны тапқандай да болдым. Әсіресе, «Мемлекетіміздің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек» деген пікір жаныма жақын келді. Ойды ой қозғайды дегендей, осы жайында сіздермен ой бөліскім келеді.

Біздің мемлекеттік тіліміз – БҰҰ трибунасынан сөйлейтін халықаралық тілдер қатарына еңбесе де, өзіміздің мемлекетіміздің шеңберінде ішкі-сыртқы саясатымызды орнықтыруға, ғылым мен білім, әлеуметтік қарым-қатынас тілі, көптің ой қазыны тоғысатын әлеуметтік желі тілі болуға, балаларымыздың медиафонотекасына айналуға әбден лайықты. Бірақ бұған не, кім кедергі?

Басты кедергі – біздің өзіміз, өзіміздің немқұрайдылығымыз бен бойкүйездігіміз, басымыздағы мәңгірттік келешімізді шешіп тастауға ұмтылмайтын санамыздың кемшіндігі. Сондықтан да қазақ мектебіне бала жетектеп келе жатқан аналар баласымен орысша сөйлеседі, қалада қазақ тілі әлі отбасы тіліне айналған жоқ. Қазақ баласы қазақ ертегілері емес, «Человек Паук», «Миньоны», «Зверопой», «Том и Джерри», «Холодное сердце», т.б. мультфильмдері үлгісінде тәрбиеленіп жатыр. Балалар ұқсағысы келетін, еліктейтін кейіпкерлерді де осы көрген ортасынан іздейді.

Соңғы оншақты жыл ішінде қазақ мектептері бастауын батыс мектептерінен алатын – НЗМ-ге (Назарбаев Зияткерлік мектептері) қарап бой түзеді. Сол себепті, ұлт мектептеріндегі қазақ тілі шетел тілінің әдістемесі негізінде оқытылады. Мұның бір мысалы, қазақ тілі оқулықтарында сөйлесім әрекетіне басым бағыт беріледі, сабақтарымыз әртүрлі тақырыптағы ауызша сөйлеудің алаңына айналып барады. Тақырыптар да тілдік ортадағы әртүрлі жағдаяттарды қамтиды. Әрине, адамның басты қасиеттерінің бірі – сөйлеу ғой, бірақ ауызекі сөйлеу мен әдеби тілде сөйлеудің,

қазақ халқына тән шешендік сөз өнеріне баулуың арасы жер мен көктей емес пе? Бұл мақсатқа қазақтың орасан зор тіл байлығын, әдеби тілін игергенде, сөз сапасын ұғынып, тандап, талдап қолданғанда ғана жетеміз. Шәкіртін осы деңгейге жеткізу үшін білікті ұстазға қаншама тер төгуге тура келеді.

Қазақ тіл ғылымы мен қазақ тілі пәнінің арасындағы байланыс алшақтап барады, өзінің тіл заңдылықтарын үйретпеген тіл де ғылыми пән ретінде маңыздылығын жояды емес пе? Тіл ғылымының атасы А.Байтұрсынов негізін салып, тілші лингвист Қ.Жұбанов дамытқан, 1920 жылдан 1991 жылға дейін қазақ лингвистері мен әдіскерлері қыш кірпіштей әбден илеген принциптердің бірі – қазақ тілі пәні мен тіл ғылымын байланыстыру теориясы ұмытылып барады.

Тіпті, бағдарламада қазақ баласына тіл үйретудің қарапайым жолдары саналатын байланыстырып сөйлеуге үйрету, тіл ұстарту, тіл дамыту деген міндеттер де қойылмайды, теориялық білім мен практикалық дағдыны байланыстыру жағы қарастырылмаған.

Қазақ тілі оқулықтарында шет елден келген балаға қазақ тілінде сөйлеуге үйретуді мақсат еткендей, орынсыз тықпаланған тақырыптар, тілдік жағдаяттар көп, кейде бір ортақ сөйлесім тарауы бірнеше сағатқа созылып, баланы жалықтырып жібереді. Біз білгім келеді деген баланың уақытын ұрлап жатырмыз, осыны сеземіз бе? Жаттығу мәтіндері түрлі баспасөз беттерінен, анықтамалардан, дерек көздерінен алына береді.

Баспасөз тілін кемітейін деп тұрғаным жоқ, дегенмен қазақ тілі оқулықтарындағы мәтіндер көркем әдебиеттен алынуы керек емес пе? Көркем әдеби тілдің құндылықтарын қазақ тілі мен әдебиеті пәнін байланыстыра отырып неге танытпаймыз?

Қоғамдық өркениеттің басты белгі-

лерінің бірі, адамзаттың байлығы саналатын – жазу мәдениеті де жас ұрпақтан алшақтап барады. Каллиграфияға өнер деп қарамақ түгіл, оқушыларымыздың қолтаңбасын танып, оқи алмайтындай дәрежеге жеттік, өйткені бастауыш сыныптарда көркем жазу пәні енгізілмеген. Баланы тек ауызша сөйлеумен шектемей, жазбаша тіл мәдениетіне баулу маңызды емес пе?

Егер жазу мәдениетіне көңіл бөлмесек, әдеби тіліміздің бастауында, әлемдік мәдениеттің көшінде тұрған Орхон-Енисей ескерткішін ұрпағымыз мақтан ете ме? Мүрсейіт қолжазбасы болмаса, Абай шығармалары бізге жетер ме еді? Архивте шаң басып жатқан тарихи, әдеби қолжазбаларды кім оқиды?

Оқушының өзі жазған бір-екі беттік шығармасында оның азат ойының, шығармашыл еркіндігінің рухани бастаулары жатыр емес пе, оны қалай дамыту керек? Қазіргі оқулықтарда көбінесе эссе жазуға тапсырма беріледі. Эссе мен шығарманың құрылымдық, стильдік, тілдік айырмашылығы бар.

Эсседе көбінесе айналадағы өтіп жатқан құбылысқа оқушы тарапынан баға беріліп, жеке көзқарасы айқындалса, шығарма – әдеби жанрға жақын, оқушының көркем тілмен әдеби шығарманы талдауы, оның көркемдік мәнін ашуы, оқушының әдеби білімі басты рөл атқарады. Сондықтан тек эссе жазуға басымдық берілмей, бұл екі түрлі жазба жұмысты қатар жүргізу қажет деп санаймын. Жазба әдеби тілге үйрету – біздің ұрпағымызға керек білім мен біліктің, дағдының бір көрінісі.

Біз ойланатын дүние көп. Жаңа Қазақстанның басталуы – жаңа адамды қалыптастыру жолдарында, оның бір саласы – ана тілінің уызына жарыған ұрпақ тәрбиелеуде жатса керек.

Рахима СӘКЕНОВА,
ҚР Білім беру ісінің
құрметті қызметкері.

ЗЕРТТЕУ

ҚР Білім және ғылым министрі Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ғылым саласындағы ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтарға шағын зерттеу жасаған екен. Зерттеу нәтижелерін Асхат Аймағамбетов өзінің Telegram парақшасында жариялады.

Ерлер көп пе, әйелдер көп пе?



Әсел
ДАҒЖАН

Зерттеу қорытындысы бойынша ғылымдарымыздың жартысынан астамы, яғни 54%-ы әйелдер екені анықталған. Докторантурада оқитын қыздар оқуларын көбінесе диссертация қорғаумен аяқтайтын көрінеді. Мәселен, 2020 жылы диссертация қорғаған түлектердің 67,5%-ы қыздар болған. Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымы (ЭЫДҰ) елдерімен салыстырғанда Қазақстандағы білім беру жүйесі анағұрлым феминизацияланған (TALIS-2018) яғни ондағы мамандардың 80% жуығы әйелдер. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сарапшыларының айтуынша, көптеген елде әйел мұғалімдер ер мұғалімдерге қарағанда мамандық таңдауды саналы түрде жасаған. Мысалы, қазақстандық әйел мұғалімдердің 76%-ы болашақ мамандықты таңдаған кезде педагог мамандығына басымдық берілгенін айтқан.

Сондай-ақ, қыздар оқу сауаттылығы (27 ұпайға) және жаратылыстану сауаттылығы бойынша (7 ұпайға) ұлдардан озып шықты. Сонымен бірге, ұлдар математикадан мықты деген стереотипті «бұзған». PISA-2018 ұлдардың да, қыздардың да білімі бір деңгейде екенін көрсетті. Басқа зерттеулердің (TIMSS-2019, IEA) нәтижелері де 4 және 8-сынып қыздарының ұлдарға қарағанда оң нәтижелерге қол жеткізетінін көрсеткен немесе кемінде математика мен ғылымда бірдей жетістіктерді көрсетеді. Қыздардың басым көпшілігі (68%-дан астамы) келесі мамандықтар бойынша жоғары білім алатыны белгілі болды: 1. Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат – 79,1%; 2. Өнер және гуманитарлық ғылымдар – 71%; 3. Педагогикалық ғылымдар – 70%; 4. Жаратылыстану, математика және статистика – 68%. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша гендерлік теңдік белгіленді: 1. Ауыл шаруашылығы және биоресурстар – 49,5%; 2. Бизнес, менеджмент және құқық – 48%. Ал қыздар көп бармайтын салалар мыналар: 1. Техникалық ғылымдар мен технологиялар – 31,6%; 2. АКТ – 30%; 3. Инженерлік, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс салалары – 28,7%.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының сахнасында балаларға арналған музыкалық ертегілер ұйымдастырылуда.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Койылым режиссері әрі инсценировка авторы – Нұржан Тұтов. Ол – «Қасқыр мен егінші», «Алдар көсенің айлалы», «Күй құдіреті» атты танымдық ертегілерді дәстүрлі әндермен әрлеп, Әтүгәй мен Игигәй кейіпкерлері арқылы бір сарынға түсірген режиссер. Шымылдық ашылғаннан Қайта өрлеу дәуіріндегі итальян театрларының элементтері астасқан қазақи қойылымға тап боламыз. Актерлердің маскалары, костюмдердің тігілу стилі, көше театрын бейнелейтін арбаларының безендірілуімен екі менталитеттің әдемі қосындысын жасай алған. LED-экранда көрсетілген көне Еуропа қалаларын айтпағанда, қазақи нақышқа басымдылық берілген (қоюшы-суретші: Алмас Ахметов).

Ансамбльдің сүйемелдеуі спектакль көркемдігін арттырып, өзгеше тартымдылық береді. Дәл осы ансамбль – өзге балалар

«Әтүгәй мен Игигәй»



спектакльдерінен даралап, театр бағытының еректігін, маңызын көрсетіп тұрды.

Режиссердің ойдан шығарылған кейіпкерлеріне Әтүгәй мен Игигәй деп есім беруінен-ақ халық әндеріне, олардың ерекшеліктеріне басымдық беретінін түсінеміз. Әтүгәй – Құдайберген Айбек пен Игигәй – Пиязов Тимур бір сағаттық қойылымда кішкентай көрерменмен тығыз байланыс орната білді. Спектакль тек жақсылық пен жамандық тақырыбы аясында тоқталып қалмай, балаларға

көңіл күй сыйлап, физикалық қозғалысқа да шақырады. Ең үлкен көрермендерінің алдында адал ойнап, темпоритмді түсірмейтін барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Жеңіл билерді билетіп, үздіксіз байланыста болуға тырысады. Тек ертегілерді баяндаушы кейіпкерлердің кейбір сәттердегі мәтіндері әлі де жалаң. Режиссер кейіпкерлері арқылы өз спектаклінде ұсынып отырған ерекшеліктерді айшықтап көрсетпейді және әр ертегіні бастарда айтылар байланыс сөздері де тым қысқа.

Үш ертегіні бір арба арқылы көрсете білген жинақы қойылымның алғашқысы – «Қасқыр мен егінші». Жақсылыққа жамандықпен жауап беруге болмайтындығын айтатын бұл ертегіде балалармен тәтті байланысты бірінші түлкі – Джурабаева Кенжегүл жасайды. Актриса түлкіге сай ойнақылық танытып қана қоймай, тәрбиелік ескерту жасап, балалардан кері жауап ала алды.

Халық ертегілерінен танымал әрі көпшіліктің сүйікті кейіпкері – Алдар көсе (Арипов Дәулет) шыққанда балалардың қуанышы ерекше болды. «Шық бермес Шығайбай»

ертегісі арқылы сараңдықты әзілмен баяндайтын бұл ертегіде денесінің жоғарғы бөлігі тым кішкентай, бөксесі тым үлкен Бәйбіше – Аглакова Ұлжанның костюм ерсі көрінді (кіім суретшісі Әсел Лұқпанованың жұмысы). Костюм балаларға арналған ертегілердегі «байдың бәйбішесі» бейнесінен алшақтап кеткен.

«Күй құдіреті» аңыз ертегісі – Ақ бөкен – Тұралиева Айгерімнің бейнесімен есте қалды. Сұлу әрі нәзік ақ бөкен бейнесін жасауда костюмер мен хореограф (Карина Джиренбаева) еңбектерін атап өтеміз. Жануарды бейнелеуде бірлескен жұмыс сахналық сұлулықты бере алған. Алайда, ертегі өз мұратына толық жете алмайды. Оқиға желісін жалпылама түсіндіргенімен, күй құдіретін шын мәнінде сезіне алмадық. Күйші – Исаяв Нұрболаттың жанды дауыстағы «Ой жайлау» әні күйшінің мықтылығын көрсеткенімен, финалдағы ақ бөкенді аман алып қалар негізгі күйді ести алмадық. Техникалық себептерден домбыраның жанды дауысы фондағы музыкадан әлсіз шықты.

Афишада спектакльдің жастық шектеуі көрсетілмеген екен. Бірақ әні мен биі, ойын-сауығы ұштасқан қойылымды еңбектеген баладан бастап тамашалай алады. «Алатау» театры өз репертуарына бүлдіршіндерге арнап тәрбиелік мәнді, сапалы қойылым енгізге алған. Дәстүріміз, мәдениетіміз жеңіл тілмен әдемі әрі көркем етіп баяндалар мұндай ертегілерді қазіргі театр репертуарларында қобейтуіміз қажет.



● ТІЛ – ҚҰРАЛ

Төл тіліміздің тағдыры туралы талай айтып та, жазып та келеміз. Тілге қатысты небір заңдар мен қаулылар қабылданды. Бірақ мемлекеттік тілде жазылған жарнамалар әлі де оңбай келеді.



Серік
ЖҰМАБАЕВ



рас. Тағы бір байқағанымыз, дүкендер мен сауда орталықтарының, мейрамханалар мен кафелердің, сұлулық салондарының және басқа да нысандардың жарнама мәтіндері тек орыс тілінде жазылады екен. Ал мемлекеттік тілде жазылған жарнамасы сын көтермейді.

Қате жазылған көрнекі ақпараттар мен жарнамаларды, соның ішінде билборд, маңдайша такталарды өзгертудің өзі де қыруар жұмыс. Кейбір жарнама берушілер билбордты тапсырыспен жасататындықтан, оны өзгертудің өзі қымбатқа түсетінін айтады. Қалай болса да, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтіні кіршіксіз дұрыс болуы керек емес пе? Мемлекеттік тілдегі жарнаманың өзі мемлекеттің айнасы екенін неге түсінбейміз?

Шынына келгенде, қазіргі таңда жарнама мәтіні алдымен орыс тілінде, тіпті шетел тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Міне, содан шет тілдің ыңғайына жығылу, сол тілде қалай жазыл-

СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ, МІН ТҮЗЕЛМЕЙДІ

Жарнама мен көрнекі ақпарат атаулары белгілі бір заңдылықтарға бағынуы керек

Алматыда жарнамалық билбордтар мен роликтер өте көп. Дегенмен, бәрі де талапқа сай жазылған деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Жарнамалардың мәтінінде грамматикалық және стилистикалық қателер өріп жүреді. Бір өкініштісі, осылардың орыс тілінде жазылған нұсқасында бәрі керемет, сауатты жазылғанымен, қазақ тіліндегі нұсқасы жаға ұстатады. Неге олар ілінер алдында толық тексеруден өткізілмейді? Жарнама арқылы көп пайда табатын тиісті орындар ақшаны ойлай бермей, бір сәт оның сапасына да мән берсе болмас па?

Алысқа бармай-ақ, өзіміздің өңір көшелеріндегі көрнекіліктер мен мекеме қабырғаларына үңілсек, қазақша жазулардағы қателерден көз сүрінеді. Айталық, ауруханаларға бара қалсаңыз, қабырғада ілулі тұрған ақпарат тактайшалары көзге оттай басылады. Ондағы қазақша жазылған сөйлемдерде қателер қойдай өріп жүр, сөйлем мағыналарында мән жоқ. Халыққа қызмет көрсетіп отырған дүкендердің бірінің маңдайшасына «Шаңырақ» деген сөзді «Шанырақ» деп бадырайтып жазып, тағы да қатеге бой алдырған.

Жарымжан жарнамалар

Өзге тілден аударылған жарнамалардың жайсыз мағынасы жанға батады. Көшеде тұрған кейбір жазуларға қарасаң, көзің түгілі өзің сүрініп кетесің. Тіпті, кейде жайсыз аударылған жарнаманы оқысаң та, түсіне алмай дал болатын кездеріміз де жиі болады. Сонда жарнама жасаушылар қазақ тілін мазак еткені ме? Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір азамат мемлекеттік тілге құрметпен қарауы тиіс.

Грамматикалық, стилистикалық қателері жиі ұшырасатын, мағынасы аудармасына сәйкес келе бермейтін қазақтілді жарнамалардың, ақпараттың көбейіп бара жатқаны жақсылықтың нышаны емес. Осы ретте аудармашылар дайындайтын арнайы институт ашу, ілеспе аударма жасауға таланты бар қабілетті мамандарды даярлау, терминолог ғалымдарға қойылатын талапты күшейту қажеттігі туындап тұр. Жарнама тілі қазақ тілінің мәртебесін өсіреді. Сондықтан тілдің тазалығын сақтап, мағынасын бұзбау қажет.

Мәселен, Қытайдың Бейжің қаласында олимпиада ойындарының алдында қала көшелерінің сәнін бұзып тұрған жарнамаларға қатаң тосқауыл жасап, қала орталығына билбордтарды орналастыруға тыйым салған. Қытайлықтар, ең алдымен, сыртқы жарнаманың бәрі шаһардың бас жоспарына сәйкес дамуы қажеттігін алдыңғы орынға қояды. Теміржол вокзалдары мен әуежайларда жарнама орнатуға қатаң тыйым салынған. Ал бізде қаланың орталығынан бастап, шеткі көшелері де жарнамадан құр қалмаған. Алматы қаласы – шетелдік қонақтардың жиі келетін еліміздегі басты қалаларының бірі болғандықтан, бұған бей-жай қарауға болмайды. Сондықтан қала көшелеріндегі жарнаманың орналасу

тәртібі мен сапасын қадағалайтын кез жетті.

Қазір кейбір мекеме, ұжымның, кәсіпкерлердің көрнекі ақпарат, жарнама атауларының жазылуында көптеген көз сүріндірер кемшіліктерді байқаймыз. Мұны тілге менсінбеушілік танытудың белгісі, тіпті мемлекеттік «Тіл туралы» Заңды өрескел бұзу деп түсіну қажет. Басқа ұлт өкілдерін былай қойғанда, бұл өзіміздің тілге деген немқұрайлығымызды байқатады.

Мақатаев көшесінің бойында, «Көк базардың» қасындағы бір «сұлулық

салонына» көзіміз түсті. Атауы шет тілінде болса да, сыртында орнатылған тактайшада ондағы қызмет түрлері қазақша жазылғанына қуандық. Бірақ онда «тырнақ өсіру» деген тіркес «тырақ өсіру» деп жазылып тұр. Бұған не дейсіз? Сонда бүкіл ұжым болып қарапайым «тырнақ» сөзін жаза алмағаны қалай? Әлде, бұл мемлекеттік тілге немқұрайлық танытқандары ма?

Оның үстіне, қалада шет тіліндегі «Red Rose» (кафе), «BOSFOR» кафесі, «TER-AZZA» мейрамханасы секілді атаулар қаптап кетті. Бұндай атауларды көріп өзінді шетелде жүргендей сезінетінің де

са, үтір нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде де солай жазу басым болып отыр. Оған лайық балама табу немесе қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтау мүлдем ұмытылған. Мәселен, қала көшелерінің біріндегі билбордта «Меняем старое на новое» деген сөйлемді «Қәріні жаңаға ауыстырамыз» деп жазып қойыпты. Мұны көргенде не жыларыңды, не күлеріңді білмейсің. Сондай көріністерді көргенде «Тіл туралы» Заң талаптарына қашан сақталады екен, жарнама беруші бұл заңға немқұрайлы қарауға болмайтынын қашан түсінеді екен деп ойланасың.

Жарымжан жарнамаларға жергілікті атқару органдары, құқық қорғау, қадағалау органдары заңға сәйкес шаралар қолданбаса, мұндай келеңсіздіктер жалғаса беретіні анық. Мемлекеттік тіліміздің абыройын ойлау әрі оны қадағалау әрбір Қазақстан азаматының міндеті екенін естен шығармау керек. Осындайда тіл полициясы құрылса қалай болар еді деп ойлайды екенсіз. Барлық нысандарды аралауға, жарнамаларды қадағалауға тікелей құқығы бар тіл сақшылары жұмыс істесе дұрыс-ақ болар еді...

Шетелдік тәжірибе

Балтық жағалауының елдерінде «Тіл полициясы» деген құзырлы мекеме жұмыс істейді. Олар қоғамдық орындарда өзге тілде сөйлеген адамдарды ұстап алып, айыппұл салады. Франция елінде де Тіл полициясы бар. Онда да өз тілін қорғауға ерекше ден қойылған. Мысалы, Латвияда Тіл полициясы өз қатарына тіл жанашырларын тартқан. Олар жарымжан жарнамаларды бақылап, жеке компания қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуін тексереді. Латвияда жұмыс істейтін әрбір адам мемлекеттік тілді білуі міндет. Бұл ретте Тіл полициясы адамдарды мезгіл-мезгіл тексеріп отырады.

Олар сонымен қатар, қоғамның шағымдарына жауап береді. Мәселен, егер шаштараз өзінің жұмыс міндеттерін орындай отырып, сізге латыш тілінде жауап бере алмаса, сіз Тіл полициясына тиісті шағыммен жүгіне аласыз. Бұзушылықтар анықталған жағдайда инспектор қызметкерге де, компанияға да айыппұл салады. Украина елінде де тіл полициясы құрылған. Днепрде камуфляж киген жастар қала көшелерімен жүріп, тұрғындардың мемлекеттік тілде сөйлеуін қадағалайды. Ана тілінде сөйлемейтіндерді полиция қызметкерлері құқық қорғау органдарының бөлімшесіне баруды немесе айыппұл төлеуді ұсынады.

Эстонияда Тіл полициясы 1999 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Онда полицейлердің бәрі 100 пайыз мемлекеттік тілде сөйлейді. Тіл инспекциясы эстон тілін меңгеру басқа мамандар – дәрігерлер мен мұғалімдер арасында да жақсарғанын айтады. Тіпті, көрші Ресейдің өзі Тіл полициясын құру керектігін қайта-қайта көтеріп отыр.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айдар МЫЛТЫҚБАЙҰЛЫ,
қала тұрғыны:

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАДІРІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ

Негізі көптеген мекеме, фирма, мейрамханалар мен кафелер, дүкендер мен сауда орталықтары, сұлулық салондары, тіпті кейбір көше атаулары жазылған тактайшаларға да мән беріп, тексеру жұмыстарын жүргізіп, олардың дұрыс жазылуына ықпал етуіміз керек. Жиі-жиі тексеріп, қателіктерін жоюға міндеттеген дұрыс. Себебі, бұл бір жағынан, әр азаматтың елге, туған жерге, мемлекеттік тілге деген құрметін білдіреді.

Біз де өкінішке орай, өзіміз күнде ат басын бұратын дүкендерде «Азық-түлік» деген қос сөз «Азық-түлік» деп сауатсыз жазылып тұрады. Оған мән бермейміз. Тізе берсек, мұндай қателер өте көп. Өткенде бір супермаркетке кірсек, «Мужские дубленки» дегенді «аталық тондар» деп аударып қойыпты. Мұндай сауатсыз аудармаларға тыйым салып, керек болса, кең көлемде айыппұл салу керек. Себебі, дәл осындай сауатсыз жазылған сақау жарнамалар қазақ тілінің қадіріне нұқсан келтіретін сөзсіз. Қаламызға да абырой әпермесі тағы мәлім. Меніңше, әрбір адам өзінің жарнамасын немесе көрнекі ақпаратын жасар алдында мемлекеттік тілде сауатты жазылуына мән беретін болса, бұл мәселе әлдеқашан шешілетін еді. Адамдардың өздерінің сана-сезімі оянып, ойланбайынша, қате жазғанына жүрегі ауырмайынша істің бәрі бос. Сондықтан сөз соңында кәсіпкерлерді өз жарнамасын сауатты жазуға шақырғым келеді.

Асқар ДАЙРАБАЙҰЛЫ,
заңгер:

ТІЛ ПОЛИЦИЯСЫ КЕРЕК

Жалпы, жарнама мен көрнекі ақпарат атаулары белгілі бір заңдылықтарға бағыну керектігін біреу білсе, енді біреу біле бермейді. Атап айтқанда, шындық ережесі, жаңашылдық ережесі, қысқартудың ережесі, жазымды естілуі мен айтылуының қолайлы ережесі, тілдің нақты грамматикасын сақтау ережесі, ассоциациялардың жазымдылық ережелері сақталуы қажет. Мәдени, тарихи, елтанымдық атаудың дыбыстық-семантикалық тұстары да ескеріледі, яғни жазымсыз әсер ететін сөздермен дыбыстық ұқсастықтары бар атаулар болмауы керек.

Сонымен қатар, жекеменшік иелері немесе олардың туыстарының жеке есімі мен тегінен жасалған «Марат» дүкені, «Қанат» немесе «У Ирины» секілді дүкен атаулары болмауы тиіс. Сондай-ақ, тұтынушыларға түсініксіз «Barber shop» дүкені, «Альтаир» disco club», «Mansard» restaurant & pub, «karaoke & bar», «Fasion house «Bora», «La Reine» beauty bar» деген атаулар да қолданылмауы қажет. Себебі, бұның барлығы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 «Жарнама туралы» Заңына қайшы келеді. Алайда, жоғарыда аталған өрескел қателер еліміздің кез келген жерінде кездесіп жататыны жасырын емес. Демек, бізде заң бар. Бірақ оның орындалуы ойдағыдай емес. Сондықтан бізге «Тіл полициясын» құру керек. Олар бірінші айыппұл салады, екінші рет қателігін түземесе сотқа тартып, лицензиясынан айырады. Осындай қатаң шара қолдану арқылы бұл мәселені оңтайлы шешуге болады.



«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025»

Алматылық Бауыржан Аяқбаев ұлттық нақыштағы қысқы бас киімдер шығару өндірісіне 3,7 млн. теңге мөлшерінде инновациялық грант ұтып алды. Қаражатқа шағын және орта кәсіпкерлік идеяларын қолдау мақсатында құрылған «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында қол жеткізді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жеке кәсіпкер бұл кәсіпке келмес бұрын, алдымен өз бетінше маркетингтік зерттеулер жүргізген болатын. Сонда бүгінгі нарықта әзірге мұндай бұйымдардың жоғын білді. Оның үстіне, Бауыржанның өзі бірнеше жыл бойы шетелдіктер шығаратын қысқы бас киімдерді сатумен айналысқан болатын. Сондықтан бұл сала оған бөтен емес.

«Қыстық ерлер бас киімін сата жүріп, «бас киім тігу кәсібімен неге өзім айналысып көрмеске» деген ойға келдім. Бұл



БАС КИІМ

орны – төр

ой маған көпке дейін маза бермеді. Сөйтіп, мен оның әртүрлі құрылымын, пішінін, үлгісін зерттеп, зерделей бастадым. Көп іздендім. Ұлттық қолөнермен байланысты кітаптарды ақтардым. Ғаламторға да жүгіндім. Сосын бас киімнің биіктігін, тереңдігін, бас шеңберін өлшеп-пішіп, үлгісін сызып, ағаш шеберлеріне арнайы пішін жасап беруге тапсырыс бердім. Сөйтіп, күзен терісінен өзімнің алғашқы бас киімімді жасап шығардым. Әрине, көптеген кемшіліктер, қателер болды, кейбір жерлерінің тігісі қиыспады. Алайда, таңқалғаным соншалық, оны сол мезетте бір танысым қатты қызығып, аттай қалап сатып алды. Мен жаным қалайтын істі тапқанымға қуандым. Қазір ай сайын шамамен 30–40 бас киім тігіп, сатамын», – дейді жеке кәсіпкер Бауыржан Аяқбаев.

Оның бұйымдарының өзгешелігі сол, қарапайым тақияның өзі табиғи жүннен тігіледі. Мұндай бас киімді аязды күндері жұп-жұқа тақия киюге мәжбүр болатын мешітке келетін жамағат қуана сатып алады. Сондай-ақ, күзен терісінен тігілген бас киімдерді болашақ құда-жекжатқа сыйлық ретінде деп қарапайым адамдар да сатып алуда. Себебі, Бауыржанның бұл бұйымдары бүгінде құдалық тойларында екі арада алыс-

беріс ретінде жүретін, киілмей сандық түбінде жатып қалатын, шапанға қоса берілетін арзанқол қалпақтарға қарағанда әлдеқайда бай және мәртебелі көрінеді.

Енді тұтынушылардан орамалдарға тапсырыс түсе бастады. Бауыржан орамалдың иыққа жабылатын мойын тұсын ақ күзен терісімен көмкеріп, ұсына бастады. Ол да қазақтың тойында құдағилардың иығына ұялмай жабуға болатын бағалы киімдер қатарына қосылды. Иә, бүгінде тұтынушының да талғамы өскен. Бауыржанның айтуынша, оларды тақия, бөріктердің табиғи жүн, теріден тігілгені, тіпті, тігілу сапасы да қызықтырады. Күзен терісінен тігілген тақия мен әйел орамалдарының орташа бағасы 20–25 мың теңге, түлкі малақайы 100 мың теңге тұрады.

– Бизнес-жоспар құруға маған «Qolday» кәсіпкерлік орталығының мамандары көмектесті. Олар бизнеске арналған барлық мемлекеттік бағдарламалар туралы егжей-тегжей түсіндіріп, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша грантқа тапсырыс беруге кеңес берді. Мен құжаттарды 2021 жылы көктемде өткізген болатынымын. Қаражат шотыма маусымда түсті. Бұл ақшаға бас киім тігуге арналған тігін

ЫРЫМ-ТҮЙІМ

- Адамның басынан қадірлі, ақылынан қасиетті ештеңе жоқ. Жақсылықтың бәрі адамның маңдайына жазылады. Сондықтан бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Оны әрқашан таза, ұқыпты ұстап, босағаға емес, төрге ілу керек.
- Бөтен адамға бас киім бермейді және айырбастамайды. Адам басы кемиді деп санайды.
- Бас киімді кез келген жерге тастай салмайды, үстіне отыруға болмайды. Бұлай жасаса, бастан бақ таяды, бас ауруына шалдығады. «Бас айналып, тіл байланып, иман қашады» деген наным бар.



машиналарын, кестелеу машинасын, өзге де аса қажетті құралдар-саймандар, табиғи терілер, киіздер және ішкі безендірулерге арналған басқа да материалдар сатып алдым, – дейді кәсіпкер. Ең бастысы, бұрын базарда тұрған қарапайым сатушы мемлекеттің қолдауының арқасында жеке кәсіпкер мәртебесіне ие болып шыға келді. Мемлекеттік грант иегері алдағы уақытта кәсібінің көкжиегін кеңейтуді көздеп отыр.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Ана – Жер-Ана»

І. Омаров атындағы Қостанай облыстық драма театры гастрольдік сапармен Алматы қаласына келеді. Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында Ш.Айтматовтың «Құс жолы» повесінің желісі бойынша «Ана – Жер-Ана» қойылымын сахналамақ.

Қойылым бүтін бір отбасының тағдырын суреттейді. Ұлы Отан соғысының қайғы-қасіреті мен ауыртпашылығына ортақтасқан рухы мықты – Ана бейнесі мен майданда оты ерте өшкен тағдырларды бейнеленеді.

Күні мен уақыты: 10 наурыз, 18.30.

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры.




«Мен ораламын»

Мегаполисте Республика сарайының төрінде Валерий Леонтьевтің жеке шығармашылық кеші өтеді. «Мен ораламын»

бағдарламасы мега жұлдыздың мерейтойлық кеші деп жарияланды. Концертке қырық жылдан бері бүкіл әлемдегі ең танымал концерт залдарында аншлаптарды бұзып келе жатқан әртіс шығармашылығының үздік үлгілері кіреді. Көрермендердің оған деген сүйіспеншілігі кейде шектен тыс, бірақ әрқашан шынайы. Сондай-ақ, даусының дірілдегені үшін көпшілік оны сүйіп тыңдайды. Концерттік бағдарламада әншінің нәзік-лирикалық және өткір-драмалық әндері орындалады.

Мекенжайы: Достық даңғылы, 56-үй.

Уақыты: 10 наурыз, 19.00-де.



«Балаларға базарлық»

Қуыршақ театрының сахнасында орыс халық ертегісінің негізінде «Үйшік» қойылымы көрерменге ұсынылады. Балалар ғажайып орманға тап болып, ондағы тұрғындармен танысады. Олардың үлкен санырауқұлақтан тұрғызылған үйшіктері бар. Ормандағы әрбір тұрғын балаларға

түрлі қызықты ойындар, би, жаттығу, тіпті саңырауқұлақ жинауды үйретеді. Қойылым балаларды қонақжай, қайырымды, тату болуға шақырады. Сонда ғана кішкентай ғана үйшікке үлкен жан-жануарлар бірлесе тұра алады. Қойылым жарқын әрі көңілді. Балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге оқиға ішіне еніп, кейіпкерлерге барлық қиындықтарды бірге жеңуге көмектеседі.

Мекенжайы: Пушкин көшесі, 63.

Уақыты: 9 наурыз, 12.00. 13 наурыз, 16.00.

Әзірлегендер
Гүлжанат СЕМБАЕВА, Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



КӘСІПКЕР

Куляра Маненова «Әлеуметтік навигатор» қоғамдық қорына жетекшілік етеді. Өмірдің қиын жағдайында жүрген жандармен ұзақ уақыт қоян-қолтық жұмыс істеп келе жатқандықтан, жеке кәсібін ашарда да сол бұқарадан алыстап кете алмады.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Сөйтіп, әлеуметтік қолдауда мұқтаж адамдардың игілігіне қызмет ететін шаштараз ашты. Бұл мақсатына жету жолында алдымен «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының шеңберіндегі «Бастау бизнес» жобасы бойынша ұтып алған 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі гранты, кейінірек «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында, қолданыстағы сән салонының негізінде оқу орталығын ашуға арналған 5 млн. теңге мөлшеріндегі гранты көмек болды.

Бүгінде Әуезов ауданында орналасқан «Кларенция Ман» әлеуметтік шаштараз 10 маман жұмыс істейді. Олар негізінен – көпбалалы әйелдер, мүмкіндігі шектеулі бала бағып отырған аналар, сосын колледж түлектері. Олардың жалақысының 70%-ға жуығын Алматы қаласының Жұмыспен қамту орталығы субсидиялайды. Сән салонында халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жеңілдіктер қарастырылған. Арасында ауған жауынгерлері, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, зейнеткерлер, аз қамтылған отбасылар үшін ақысыз акциялар өтіп тұрады. Сонымен қатар, салонда жаңа мамандық игеріп шығу үшін дәріс алуға мүмкіндік бар.

– Маған осындай әлеуметтік шаштараз ашу идеясы біздің қоғамдық қорға келіп шағымданатын көпбалалы аналардың өтініштерінен кейін туындаған болатын. Олар басқа қиындықтарын тізбелемегенде, кейде балаларының шашын қидыртуға да ақша таппай қалатындарын айтып мұңаятын. Сөйтіп, оларға көмек беру жолдарын іздей бастадым. Әлеуметтік желіде Еңбек министрінің атына ашық хат жолдап, мені Жұмыспен қамту орталығына тіркеп, жұмыссыз тұлғадан бастап, жеке кәсібін ашқан кәсіпкерге дейінгі аралықтағы жолды жүріп өтуіме мүмкіндік жасауын сұрадым. Ең қызығы сол, маған министрліктен он



ӘЙЕЛДІН ЖАЙЫН ӘЙЕЛ БІЛЕДІ немесе мемлекеттің қолдауымен әлеуметтік шаштараз ашқан қайырымды жан туралы сөз

жауап келді. Әуелі Жұмыспен қамту орталығына барып тіркеліп, үш ай ішінде шаштараз-стилист мамандығы курсы тегін оқып шықтым. Оқу курсы колледж қабырғасында өтті. Ондағы шебер-ұстаздарға «мен осында шаштарын қидыртқысы келетін әлеуметтік жағынан аз қамтылған жандарды ертіп келіп тұрайын, сосын қаражат жағынан демеуші боламын, ал сіздер өз кезектеріңізде бізге тегін қызмет көрсетесіздер» деген ұсынысымды жеткіздім. Осылай екі жақтап қарапайым халыққа қызмет етуге кірісіп кеттік. Нәтижесінде қаншама адамнан алғыс алдық десеңізші! Кейіннен мен сән салоныма бір топта оқыған курстастарымды жұмысқа қабылдадым. Осы бір қайырымдылық сипатта бастау алған тәжірибелік қадамымыз әлі күнге жалғасып келеді. Мұның бәрі мемлекеттік бағдарламалардың жемісі, – дейді Куляра Маненова.

Иә, қарапайым алматылықтарға қызмет көрсетуді мақсат еткен «Кларенция Ман» әлеуметтік шаштаразының жұмыс істеп жатқанына бар-жоғы бір жыл болды. Осы уақыт ішінде мұнда 1,5 мыңнан астам адамға қызмет көрсетілген. Сондай-ақ, оқу орталығы жұмыс істейді. Алғашқы кезеңде 27 адам оқып шығып, олардың 21-і жұмысқа орналасқан. Ал 2 адам жеке кәсібін ашып үлгерген.

– Біз жұмыс істегім, үйренгім, білгім, меңгергім келеді деген жұмыссыз қыз-келіншектерге өзіміздің тегін курстарымызды ұсынамыз. Біз оларға шаш кию, шаш бояу, маникюр, педикюр секілді қызмет түрлерін үйретеміз. Барлық теориялық білімді үй жұмысы ретінде береміз, ал салонда олар таңертеңнен кешке дейін қолдарын жаттықтырады. Мәселен, өздерінің туысқандарын, көршілерін ертіп келеді, келген модельдерге қызмет көрсетіп жатты-

ғады. Біздің мақсат – олар ең болмаса өздеріне, отбасына қызмет етсін, сөйтіп шаш киюға, бояуға ақша шығындарын деген ниет. Кейде клиенттермен сөйлесе қалсаңыз, көбінің басында неснесі, алименті бар, баспана жалдап тұратындар да аз емес. Ондай клиенттерге де кеңес беремін, банкке қоңырау шаламын, тиісті инстанцияларға өтініш жасаймын. Мен үшін ең маңыздысы – «ол мәселе менікі емес қой, бас қатырып қайтем» деп немқұрайлы отырмау, шамаң келсе тығырықтан шығатын жолды сйлтеп жіберу, – дейді үлкен жүректі әйел.

Қазір К.Маненова екінші әлеуметтік оқыту орталығын ашу жұмыстарымен жүр. Үнемі жалғыз шырылдап жүретін әйел-аналардың жайын тереңінен ойлаған ол енді қоғамдық ортаға жұмыссыз жүрген әкелерді тартқысы келеді. Ер-азаматтарды бүгінгі таңда ең сұранысқа ие – дәнекерлеуші мамандығына оқытуды қолға алмақ.

СПОРТ



«Almaty aqshamy» – «Вечерний Almaty» басылымдары кубогына арналған жарыс өз мәресіне жетті.



**Досбол
АТАЖАН**

«Almaty aqshamy» – «Вечерний Almaty» ұтысы үшін футболдан ардагерлер арасындағы жарыс алдыңғы жылдың қараша айында басталған. 14 команда қатысқан турнирдің жеңімпазы өткен жексенбі күні ғана белгілі болды.

Қазақстандық футбол ардагері Нұрлан Атантаев жетекшілік ететін «Медик» командасы чемпион атанды. Оның командасында атақты футболшы әрі жаттықтырушы Вахид Масудов, сондай-ақ, Владимир Никитенко, Талғат Нұржанов, лига ақсақал-

дарының бірі Анатолий Тен (ол 72 жаста) және өзге ойыншылар болды. Шешуші ойында оларға «Қайсар», «Қайрат» және ҚР Ұлттық құрама сапында ойнаған Марат Есмұратов жетекшілік ететін «Қаршыға» командасы қарсы ойнады. Бір қызығы, аталмыш командалар бұған дейінгі жарыста да кубокты өзара сарапқа салған болатын (5:3 есебімен «Медик» командасы жеңген). Чемпион атану үшін «Қаршыға» командасына тек жеңіс, ал «Медик» ұжымына тек тең нәтиже де жеткілікті еді. Ойында 3:2 есебімен Нұрлан Атантаев командасы басым түсіп, «Медик» биыл да турнир жеңімпазы атанды. Жарыс кестесінде «Сұлтан-

ЖАҢА ЖАРЫСТАРДА ЖҮЗДЕСЕЙІК!

Қорғанды» 9:0 есебімен жеңген «Арлан» екінші орынға, ал жеңілістен кейін «Қаршыға» үшінші орынға жайғасты.

Жеңімпаздарды «Алатау Ақпарат» ЖШС бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов марапаттап, кубокты табыстады.

«Сіздер спорт пен салауатты өмір салтының нағыз насихаттаушысысыздар. Сіздердің ойындарыңызға қарап, футбол алаңына жастар үйіріліп, балалар мен немерелеріңіз келуде. Бұл бастама ардагерлер арасындағы жаңа жарыстардың ашылуына себепші болатынына сенеміз. Біз өз тарапымыздан мұндай игі шараларды

әрдайым қолдап тұрамыз. Бұл біздің соңғы кездесуіміз болмауын тілеймін», – деп Төлеміс Бақтыбайұлы мұндай жарыстардың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, футболға деген сүйіспеншілігі үшін редакция атынан сыйлықтар берілді. Марапатты Нұрлан Атантаев («Медик»), Азат Нілдібаев және Кәрім Оспанов (екеуі де «Ақпарат»), Қайнар Сейілов, Смайылхан Тәкенов («Сұлтан-Қорған»), Жаманбай Қуанышев («Ардагер»), Анатолий Тен («Медик»), Ғалым Ермаханов және Тұрсын Құсайынов (екеуі де «Ақпарат») иеленді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



ДҮЙСЕНБІ 14 НАУРЫЗ

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Концерт. Сағындырған әндер-ай
7.30 Любимые мультфильмы
8.00 Таңғы студия
10.00 Любимые мультфильмы
12.00 Үздік әзілдер
12.30 Телехикая. Гауһар
13.30 Телехикая. Гюмюш
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.10 Телесериал. Садовое кольцо
18.10 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Новый взгляд
20.45 Телехикая. Гюмюш
22.15 Телехикая. Гауһар
23.15 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.15 Телехикая. Сенім
1.15 Сәуле-ғұмыр
2.15 Өмір иірімі
3.35 Дала сазы
4.05 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Өнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм
6.25 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Дениз». Телехикая.
12.00 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
13.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16.05 «Күйеу бала». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30 «Күйеу бала». Телехикая.
0.20 AQPAPAT
0.55 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1.45 «Теледәрігер»
2.45 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
3.05 Өнұран

ХАБАР

Амал мерекесі

5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Мегахит.
7.00 «Дожить до утра» Тікелей эфирде
«Таңғы хабар»
10.00 «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» телемарафоны. Тікелей эфир
12.00 «Түрленген Түркістан» деректі фильмі

12.40 Телехикая. «Бәсеке»
13.00 Кино. «Наурыз.kz»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телемарафон «Жаңа күн – жаңа Қазақстан». Прямой эфир
18.00 Концерт «Ұлыстың ұлы күні»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая. «Өн-аға»
22.30 Тікелей эфирде
«Түнгі хабар»
0.00 «Наурыз тойы келгенде» концерті
1.00 ҚР Өнұраны



31-KANAL

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро (повтор)
08.30 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 Үнді сериалы «Ханшайым»
11.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя» (қайталау)
12.00 «Күліп ALL»
12.30 Мультсериал «Аладдин»
13.30 Т/сериал «Женатики»
14.10 КИНО. Колин Фаррелл в боевике «Вспомнить все» (повтор)
16.50 Т/сериал «Отель Элеон» (повтор)
18.30 Т/сериал «Отель Элеон»
20.00 Информбюро (русс./каз.)
21.00 Түрік сериалы «Ұшқан ұя»
21.55 Үнді сериалы «Анупама»
23.30 КИНО. «Навсегда моя девушка»
01.30 Үнді сериалы «Ханшайым» (қайталау)
02.10 Сериал «Базарбаевтар»
03.40 Әзіл студия
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
10.20 «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД». Многосерийный фильм
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасының тұсаукесері
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 Сергей Пускепалис, Евгения Дмитриева в многосерийном фильме «ИДЕАЛИСТ»
0.25 Софья Ардова, Галина Сазонова в многосерийном фильме «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ»
1.20 Ночной кинотеатр. «НЕОПАЛИМАЯ КУПИНА»
2.15 «НОВОСТИ»
2.30 ЖАҢАЛЫҚТАР
3.00 «P@UTINA» бағдарламасы
3.45 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 04.30



7-KANAL

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
08.00 Т/х «Серт пен сезім»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.00 Т/с «Гадалка»
10.30 Т/с «Хорошие руки»
12.30 Скетчком «Q-елі»
13.20 Т/х «Бастық боламын»
14.20 Т/х «Серт пен сезім»
15.20 Т/х «Көзайым»
16.20 Т/с «Гадалка»
17.30 Х/с «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Т/с «Осколки»
21.30 Т/х «Жорға» Премьера!
22.30 Т/х «Бастық боламын»
23.20 Т/х «Көзайым»
00.10 «Aibat»
00.40 «Студия 7»
01.10 Т/с «Гадалка»
01.40 «ОЯН, QAZAQSTAN» Music
02.10 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Айна-online»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «АМАНАТ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 «АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
10.50 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
11.50 «РЕСТАВРАТОР», остросюжетный детектив (повтор)
13.40 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама
18.30 «ТОҒЖАН», телехикая. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу. Тұсаукесер!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВМЕСТЕ НАВСЕГДА», мелодрама. Премьера!
23.45 «ПО ТУ СТОРОНУ СМЕРТИ-2», остросюжетный детектив. Премьера!
01.30 «ИСЧЕЗАЮЩИЕ СЛЕДЫ», детективная мелодрама (повтор)
03.00 «АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.20-
04.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Өнұран
7.05 ТЕННИС. ITF W60
9.30 «СЕРГЕКТИК СЫРЫ». 22-бағдарлама
9.40 Арнайы репортаж
9.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. «Қарағанды» – «Ертіс». (Әйелдер). Тікелей эфир
11.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.20 «PRO FOOTBALL». Превью матчей
12.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. «Алтай» – «Алматы». (Әйелдер). Тікелей эфир

14.55 Гандбол. XVI квалификационный Чемпионат Азии среди молодежи (девочки) U-20. Таиланд – Индия. Прямой эфир
16.35 «Жалын атқан жастар жарысы». Арнайы репортаж
16.55 Гандбол. XVI квалификационный Чемпионат Азии среди молодежи (девочки) U-20. Казахстан – Узбекистан. Прямой эфир
18.35 «Жекпе-жек бәсекесі». Арнайы репортаж
18.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. «Қуаныш» – «Жетісу». (Әйелдер). Тікелей эфир
20.55 «SPORT RE-VIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы. Тікелей эфир
21.25 «PRO FOOTBALL». УЕФА Чемпиондар лигасы. Матчтар қарсаңында
21.55 ММА «OCTAGON 26»
1.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
1.55 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
7.30 «Супер әке» Мультхикая.
7.45 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.35 «Үйшіктер» Мультхикая.
9.00 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
9.35 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
10.40 «Алақай, балақай!» спорттық ойын-сауық бағдарламасы
10.50 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
11.00 «Сынық сынып» ситкомы
11.25 «Питер Пэн» Мультхикая.
